



## МӘЖІЛІСТІҢ МАМЫРДАҒЫ МӨНЕРІ

2-БЕТ



## АЛГОРИТМ ӘЛЕГІ

5-БЕТ



## ӘУЕ ҚАЛҚАНЫ

12-БЕТ

## «BALA FEST – 2026»



# ШАҺАР БАЛА КҮЛКІСІНЕ БӨЛЕНДІ

**Алматыда Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова атындағы Асаябақта Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған «BALA FEST – 2026» қалалық балалар фестивалі өтті.**

Бала табиғатына сай сән-салтанатпен көрініс тапқан кең ауқымдағы мереке жарыққа, нұрға, шаттыққа және күміс күлкіге толы болды. 5000-ға жуық оқушы, олардың ата-аналары мен ұстаздары қатысқан фестиваль бір сәтте балалық шақтың, заманауи технологияның және болашақтың мекеніне айналып шыға келді.

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды балалар фестиваліне арнайы келіп, бүлдіршіндермен жүздесіп, сұхбаттасты. Қала басшысы жас ұрпаққа арналған барлық игі бастамаларға әрдайым қолдау білдіретінін жеткізді.

Жасыл саябақ аумағындағы ЖИ және заманауи технология әлеміне бірге саяхаттап, робототехника көрмесін де тамашалады.

Айта кетсек, айтулы фестивалге дейін бірнеше ай бойы 1–11-сынып оқушылары шығармашылық, спорт, әдебиет, экология, робототехника және бағдарламалау бағыттары бойынша

түрлі байқауларға қатысқан болатын. Жалпы, фестивалде 240 мыңнан астам бала қамтылып, үздіктері диплом және сертификаттармен марапатталды. Ал бұл мереке – фестивалдің финалдық кезеңі.

«BALA FEST – 2026» фестивалі аясында әр қатысушыға жеке Bala QR маршруттық паспорты табысталды. Сол арқылы балалар саябақ аумағында ұйымдастырылған тақырыптық аймақтардағы түрлі тапсырмаларды орындап, Bala Coins жинап, ғылым, шығармашылық, спорт, жасанды интеллект пен заманауи технологиялар әлеміне саяхаттады. Жалпы, бұл фестиваль әр баланың өз қабілетін танытып, білуіне, жаңашылдыққа ұмтылуына жол ашады.

Балалар үшін ұйымдастырылған фотоаймақ та әсерге толы осынау жарқын сәттерді ұмытылмас естелікке айналдыру үшін тамаша мүмкіндік алаңы болғаны анық.

Балаларға арналған биылғы фестивалдің басты бағыттарының бірі –

бүлдіршіндерді экологияны қорғауға баулу. «Таза сана» экологиялық бастамасының символы – Тазабек маскоты балаларды табиғатты аялауға және қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға үндеді. Жоба балалар мен жастар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыруды көздейді. Оның аясында қалдықтарды сұрыптау, қайта өңдеу, қоғамдық орындарды таза ұстау және табиғатқа ұқыпты қарау құндылықтары насихатталады.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, экологиялық сананы қалыптастыру қарапайым әрекеттерден басталады, ал мұндай бастамалар тазалық пен қоршаған ортаға қамқорлықты күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналдыруға ықпал етеді.

Фестиваль аясында эстрада жұлдыздары, алматылық балалар хореографиялық ұжымдарынан, шығармашылық орталықтарынан, Оқушылар сарайынан келген балалар концерт берді.

**Нұржамал ӘЛІШ.**  
Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

6–7-БЕТТЕРДЕ

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



# МӘЖІЛІСТІҢ МАМЫРДАҒЫ МӘНЕРІ

## Депутаттардың белсенділігі неге төмендеді?

**VII сайланған Парламент Мәжілісінің IV сессиясы қарқынды жұмыс кезеңіне қабылдануымен және оның нормаларын іске асыруға бағытталған заңнамалық өзгерістермен ерекшеленеді. Соған сәйкес, Ата Заңға сай келуі тиіс көптеген заңдарға түзетулер енгізіліп жатыр. Сонымен қатар, Мәжіліс депутаттары күнделікті заң шығару қызметімен қатар, азаматтардың өтініштері мен өзекті мәселелерін мемлекеттік органдардың назарына жеткізу жұмысын да жалғастыруда. Осы мақсатта депутаттық сауалдар жолданып, түрлі әлеуметтік-экономикалық мәселелер көтерілуде.**

Мамыр айында Мәжіліс депутаттары мемлекеттік органдарға 45 сауал жолдаған. 52 сауал жолданған сәуір айымен салыстырғанда, белсенділік сәл азайғандай көрінеді. Дегенмен, бұған Жаңа Конституцияға ілеспе заңдарды дайындау үдерісінің әсер еткені байқалады. Сондай-ақ, саяси маусымның соңына қарай белсенділіктің азаюы әдетте тұрақты байқалады.

Фракцияларды бөліп қарайтын болсақ, билеуші партия «АМАНАТ» өзгелерге қарағанда белсендірек жұмыс істегенін көреміз. «Аманаттықтар» мамырда 26 сауал жолдап, жолдаған сауалдар саны сәуір айымен салыстырғанда, көбейген.

Одан кейінгі орында 6 сауал көтерген «Ақ жол» партиясы тұр. Бірақ алдыңғы айдағы қарқынынан жаңылған-

дай, сәуірде бұл фракция 10 сауал жолдаған еді. Ал мамырда 4 сауал жолдаған «ҚХП», «Ауыл» партиясының алдына шыққан. Қалған 3 сауалды депутаттар бірлесе жолдаған.

Сауалдар саны	«АМАНАТ»	«Ақ жол»	«Ауыл»	«ҚХП»	«Respublica»	«ЖСДП»
Сәуір	24	10	5	4	3	2
Мамыр	26	6	2	4	2	2

Депутаттық сауалдар жауапты мемлекеттік органдардың басшыларына жолданады. Парламент Мәжілісінің ресми ақпараттық ресурсындағы мәліметке сүйенсек, депутаттардың басым бөлігі ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновке сауалдарын жолдаған. Мамыр айында Үкімет басшысына 24 сауал бағытталған. Өткен айда да О.Бектеновке ең көп сауал жолданған еді. Бұл қоғамдық мәселенің басым бөлігі орталық атқарушы билік басшысы деңгейінде шешімін табатынын көрсетеді.

Екінші орында Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева тұр. Оған 5 сауал жолданған. Бұл әлеуметтік сала мәселелері депутаттарды көбірек толғандыратынын білдіреді.

Мәжіліс депутаттары Премьер-министрдің орынбасарлары Нұрлыбек Нәлібаев, Серік Жұманғарин, Қанат Бозымбаев және Жаслан Мәдиевтердің блоктары төңірегіндегі мәселелер де толғандырған. Бұдан бөлек, М.Тәкиев, Ж.Сүлейменова, Е.Нағасбаевқа 1 сауалдан жолданғанын атап өткен жөн.

Сауал жолданған басшылар	Сәуір	Мамыр
О.Бектенов (Премьер-министр)	20	24
А.Балаева (Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі)	11	5
Н.Нәлібаев (Премьер-министрдің бірінші орынбасары)	3 (Р.Скляр)	4
С.Жұманғарин (Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі)	3	2
Ж.Мәдиев (Премьер-министрдің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі)	3	3
А.Әлназарова (Денсаулық сақтау министрі)	3	0
Б.Асыллов (Бас прокурор),	2	2
М.Тәкиев (Қаржы министрі),		
М.Әбілқасымова (Қаржы нарығын реттеу және дамыту Агенттігінің төрағасы),		
Қ.Бозымбаев (Премьер-министрдің орынбасары),		
Ж.Сүлейменова (Оқу-ағарту министрі), Е.Нағасбаев (Өнеркәсіп және құрылыс министрі)	1 (М.Тәкиев)	1

Қорыта келе, жалпы жолданған сауалдардың саны азайғанына қарамастан, «АМАНАТ» партиясының жұмыс қарқынын бәсеңдетпегенін байқаймыз.

# ИНДУСТРИЯ МЕН ИНВЕСТИЦИЯ

## Алматы дамуына қалай әсер етуде?



жылдар аралығында мұнда 357 млрд. теңгеге 57 жоба іске асырылып, 9674 адам жұмыспен қамтылған. Осы кезеңде 3376 млрд. теңгенің өнімі өндіріліп, 95,9 млрд. теңге салық төленген. Тек 2025 жылдың өзінде 225 млрд. теңгеге 14 жоба іске қосылып, 4922 жаңа жұмыс орны ашылды. Оның ішінде 6 өнеркәсіп кәсіпорны мен 8 шағын өнеркәсіп паркі бар. Ал 2026 жылы 10,3 млрд. теңгелік тағы 8 жобаны іске қосу жоспарланып отыр.

Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сүйенсек, биыл өткен жылмен салыстырғанда, Алматы қаласында негізгі капиталға салынған инвестиция артқан. 2026 жылы қаңтар-сәуір аралығында негізгі капиталға салынған инвестиция 588,6 млрд. теңгені құраған.

Бұл өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда, 3,1%-ға көп. Мұндай өсім қаңтар, қаңтар-ақпан, қаңтар-наурыз айларында да тіркелген.

Алайда, аудандар бойынша қарайтын болсақ, өсім біркелкі болмағанын көреміз. Ең жоғарғы көрсеткіш Алатау, Алмалы және Түркісіб аудандарында тіркелген. Бұған түрлі факторлар әсер еткен. Алатау және Түркісіб аудандары индустриалды өсім аймақтары болып саналады. Сондықтан инвестиция көбірек тартылуы заңды. Ал Алмалы ауданында кәсіпкерлік субъектілерінің саны көп.

	Қаңтар (теңгемен)	Қаңтар-сәуір/өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда	
Алматы қ.	127,8 млрд.	588,6 млрд.	103,1%
Алмалы	14,7 млрд.	83,1 млрд.	144,9%
Алатау	51 млрд.	134 млрд.	154,6%
Әуезов	2,3 млрд.	22,5 млрд.	64%
Бостандық	14,1 млрд.	110,9 млрд.	76,9%
Жетісу	5,4 млрд.	26,2 млрд.	58,7%
Медеу	10,2 млрд.	97,3 млрд.	107,6%
Наурызбай	10,5 млрд.	42,5 млрд.	76,5%
Түркісіб	19,1 млрд.	71,6 млрд.	125,5%

**Пердехан ШӘМШИЕВ,**  
сарапшы.  
Коллаж: Н.ӨПІСҰЛЫ.

**Мемлекеттің және қаланың экономикалық дамуы өнеркәсіп, инвестиция және кәсіпкерлікті қолдаумен тікелей байланысты. Бұл тұрғыда Алматы қаласының экономикалық жетістіктері көп. Қаламыз республикалық бюджеттің басым бөлігін қалыптастыратын экономикамыздың маңызды драйвері қызметін атқарып келеді. Әсіресе, өңдеу өнеркәсібін дамыту, инвестиция тарту және кәсіпкерлікті қолдау бағыттарында оң нәтиже көрсетуде.**

Еліміздегі индустриялық аймақтар өнеркәсіптің дамуы, инвестицияның артуы мен кәсіпкерлікті қолдаудың драйвері рөлін атқарып келеді. Әсіресе, Алматы қаласының жетістіктері аз емес. Сондай-ақ, алға қойған мақсаттар да ауқымды. 2027-2028 жылдары Алатау және Түркісіб аудандарында индустриалды аймақтардың аумағы ұлғаймақ. Алдағы уақытта бұл жерде жалпы инвестиция көлемі 129,6 млрд. теңгені құрайтын сегіз жаңа өнеркәсіп орны ашылады деп жоспарлануда. Ал 2028 жылға дейін индустриялық аймақ тағы 440 гектарға ұлғайып, Алатау және Түркісіб аудандарында өңірлік маңызы бар екі субаймақ құрылады. Нәтижесінде өңдеу өнеркәсібінің қала экономикасындағы үлесі 1,2 пайызға өсіп, 100-ден астам жаңа өндіріс пен 15 мыңға жуық жұмыс орны ашылады деп күтілуде.

Қазір Алматы индустриялық аймағында 147 компания жұмыс істейді. Жалпы, жобалар көлемі 884 млрд. теңгені құрап, 20 954 жұмыс орны ашылған. 2016–2025

### ✓ СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?



**Әлібек АБДРАХМАНОВ,**  
саясаттанушы:

### Адами капитал – басты артықшылық

Алматы елдің ірі экономикалық орталығы мәртебесін сақтап отыр. Сондай-ақ, Қазақстанның инвестициялық және кәсіпкерлік белсенділігінің едәуір бөлігін шоғырландыруды жалғастыруда. Инвестициялар білім беру, қаржы қызметтері, көлік, жылжымайтын мүлік және туризм салаларына неғұрлым белсенді бағытталады. Меніңше, инвестициялардың өсімі ғана емес, оларды біртіндеп әртарап-тандыру да маңызды. Егер бұрын инвестициялық белсенділік саудада және қызмет көрсету саласында басым шоғырланған болса, бүгінде инновациялық жобалар, цифрлық экономика және өңдеуші өнеркәсіптің жекелеген бағыттары үлкен рөл атқара бастады.

Алматының басты артықшылықтарының бірі адами капиталдың жоғары шоғырлануы болып қала береді. Еліміздің жетекші университеттері, ғылыми-зерттеу орталықтары, қаржы ұйымдары және білікті мамандардың едәуір бөлігі осында шоғырланған. Бұл кәсіпкерлікті дамыту және инвестициялар тарту үшін қолайлы орта жасайды. Шағын және орта бизнестің қала экономикасына қосқан үлесі 60%-дан асатыны кездейсоқ емес. Ал Алматының өзі жаңа кәсіпорындар ашу және стартаптарды іске қосу үшін анағұрлым тартымды алаң болып қала береді.

Алматының инвестициялық әлеуеті ұлттық қана емес, аймақтық ауқымда да бірқатар бәсекелестік артықшылықтарға ие. Алматы Орталық Азияның маңызды экономикалық және іскерлік орталықтарының бірі ретінде позициясын біртіндеп нығайтуда. Логистикалық тізбектердің өзгеруі және өңірлік нарықтардың өзара байланыстылығының өсуі жағдайында бұл инвестициялар тарту және халықаралық әріптестікті дамыту үшін қосымша мүмкіндіктер жасайды.

Жалпы, Алматының экономикалық серпіні оң күйінде қалып отыр. Қала жоғары инвестициялық әлеуетті сақтап, білікті кадрларды тартуды жалғастыра бермек. Сондай-ақ, елдің іскерлік белсенділігінің едәуір бөлігін қалыптастырады. Алайда, бұл өсудің тұрақтылығы ұзақ мерзімді перспективада инвестициялар көлеміне ғана емес, қала экономикасының инновацияларды, қазіргі заманғы өндірістерді және адами капиталды дамыту қабілетіне де байланысты болады.

# Ірі жобаның іргетасы қаланды

**Алматыда енді қатты қалдық-Атарды өңдеп, одан электр энергиясын өндіретін орталық пайда болады. Ірі жобаның іргетасы қаланған салтанатты іс-шараға қала басшысы Дархан Сатыбалдымен қатар Қытай елшілігінің өкілдері және жобаны іске асыратын «Junxin Environmental Protection» компаниясының төрағасы Даи Даогуо, мемлекеттік органдар, бизнес және қоғам өкілдері қатысты.**

Аталған ірі жоба Мемлекет басшысының экологиялық ахуалды жақсарту және экологиялық инфрақұрылымды дамыту жөніндегі тапсырмалары аясында, сондай-ақ «Таза Қазақстан» бағдарламасы шеңберінде қолға алынғанын ерекше атап өткен жөн.

Салтанатты рәсімде сөз сөйлеген Дархан Сатыбалды Қазақстан мен Қытайдың стратегиялық серіктестікті дәйекті түрде нығайтып келе жатқанын атап өтті. Оның айтуынша, бірлескен экологиялық жобаларды жүзеге асыру – екіжақты ынтымақтастықтың маңызды бағыты.

– Бүгін Алматы мен Қазақстан үшін маңызды экологиялық жобалардың бірі бастау алып отыр. Жаңа зауыт қатты тұрмыстық қалдықтарды тиімді өңдеп қана қоймай, қаланың энергиямен жабдықтау жүйесіне электр қуатын өндіруге мүмкіндік береді, – деді Алматы әкімі.

«Junxin Environmental Protection» компаниясының төрағасы Даи Даогуо бұл жоба Қазақстан мен Қытайдың жасыл экономика және тұрақты даму саласындағы стратегиялық ынтымақтастығының нәтижесі екенін айтты.

– Бүгін бастау алып отырған жоба қалдықтарды өңдеу мен электр қуатын өндірудегі озық технологияны енгізудің үлгісіне айналады. Ол Алматыдағы тұрмыстық қалдықтар мәселесін тиімді шешіп қана қоймай, қалдықтарды «жасыл» энергия

көзіне айналдыруға мүмкіндік береді, – деді компания жетекшісі.

Бұл жоба әлемдегі ең озық қоқыс өңдеу және электр энергиясын өндіру технологиялары негізінде жүзеге асырылады. Яғни «қалдықтан – ресурсқа» қағидаты іске асырылатын болады. Компания жетекшісінің сөзінше, бұл «Жасыл Жібек жолы» бастамасының экологиялық, төмен көміртекті және тұрақты даму қағидаттарына толық сәйкес келеді.


Жобаның Алматы қаласы үшін тиімділігі де түсінікті, зауыт арқылы тәулігіне 2 мың тоннаға дейінгі қалдық және энергия жүйесі үшін 60 МВт-қа дейін қуат өндіріледі. Жоба қалдықтарды тиімді өңдей отырып энергия өндірумен қатар ірі инвестициялық жоба деуге де болады. Алатау ауданында салынған зауыт құрылысына 280 миллион АҚШ долларынан астам инвестиция салынған.

Алматыда қалдықтарды өңдеп, электр энергиясын өндіретін заманауи зауыттың іргетасы қаланды. Қала халқы мен тұрмыстық қалдық көлемі ұлғайған сайын экологиялық қауіпсіздік мәселесі өзекті бола түсуде. Осыған байланысты жүзеге асырылып жатқан жоба тәулігіне 2 мың тоннаға дейін қалдық өңдеп, 60 мегаваттқа дейін электр энергиясын өндіруге мүмкіндік береді. Өндірілген энергия қаланың электр желісіне бағытталады.

Жобаның инвестициялық көлемі 130 млрд. теңгені құрайды. Ол қытайлық «Junxin Environmental Protection» компаниясымен бірлесіп жүзеге асырылуда. Серіктестер заманауи технологияларды пайдаланып, жобаны қауіпсіз әрі тиімді іске асыруға, сондай-ақ жаңа жұмыс орындарын ашып, жергілікті мамандарды даярлауға ниетті екенін жеткізді.

Бұл бастама Алматының экологиялық тұрақтылығын арттырып қана қоймай, жасыл энергетиканы дамытуға серпін беретін өңірдегі маңызды жобалардың бірі болмақ.

Рая ЕСКЕНДІР.



## Жадыдан өшпес жылдар...

Қала халқы саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алды

**Алматыдағы «Қарағайлы» саябағында 1931–1933 жылдардағы ашаршылық құрбандарына арналған ескерткішке гүл шоқтарын қою рәсімі өтті. Іс-шара Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай ұйымдастырылды.**

Оған Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды, қала басшылығы, мәслихат депутаттары, Қоғамдық кеңес мүшелері, қоғам қайраткерлері, тарихшылар, қалагерлер, жастар және қала тұрғындары қатысты.

Рәсімге қатысушылар саяси қуғын-сүргін мен ашаршылық құрбандарын бір минут үнсіздікпен еске алып, ескерткішке гүл шоқтарын қойды.

31 мамыр – Қазақстан тарихындағы тағылымы терең күндердің бірі. Бұл күні саяси қуғын-сүргін мен ашаршылық нәубетінің құрбаны болған миллиондаған адамның рухына тағзым етіледі. Тәуелсіздік жылдарында тарихи әділдікті қалпына келтіру, жазықсыз жапа шеккен азаматтарды ақтау және өткеннің қасиретті кезеңдерін ұрпақ жадында сақтау бағытында ауқымды жұмыстар атқарылды.

Алматыда осы айтулы датаға орай іс-шаралар күні бойы жалғасты. Ғылыми конференциялар, дөңгелек үстелдер, тарихи-ағартушылық дәрістер, кітап және фотокөрмелер, жастардың зиялы қауым өкілдерімен кездесулері және өзге де тағылымдық іс-шаралар ұйымдастырылды.

Дана САДЫРҚАН.

## Мәслихат марапаты



Алматы қаласы мәслихатының төрағасы Мейіржан Отыншиев «Almaty Aqparat» медиахолдингі қызметкерлерімен кездесіп, «Вечерний Алматы» газетінің 90 жылдық мерейтойымен құттықтады.

Жүздесу барысында Мейіржан Батырбекұлы тоқсан жылдық тарихы бар газеттің Алматы қаласының қоғамдық, мәдени және экономикалық өміріндегі маңызды оқиғаларды үздіксіз әрі шынайы жариялап келе жатқан ең беделді ақпарат көздерінің бірі екенін ерекше атап өтті.

«Вечерка» бүгінде қала тарихының шежіресіне айналып, ұрпақтар сабақтастығын сақтап, мегаполистің дамуына қатысты өзекті мәселелерді кәсіби әрі объективті жариялайтын сенімді ақпарат алаңы ретінде қалыптасып отыр», – деді мәслихат төрағасы.

Ол кездесу кезінде қалалық журналистиканың дамуына қосқан көпжылдық үлесі, жоғары кәсібилігі мен өзіне адалдығы үшін «Almaty Aqparat» медиахолдингінің бірқатар қызметкерлеріне Алматы қаласы мәслихатының наградасын табыстады. Холдингінің Бас директоры Ержан Қалымбайұлы, директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары Гүлжазира Амангелдіқызы және коммерциялық директор Қуаныш Дюсалиев пен брендті дамыту жөніндегі менеджер Манарбек Ермұханов, сондай-ақ, «Вечерний Алматы» газетінің фототілшісі Қайрат Қонысбаев «Заңғар» төсбелгісімен марапатталды.

Мәслихат төрағасы журналистерге, басылым ардагерлеріне және бүкіл ұжымға ұзақ жылғы адал еңбегі үшін алғыс білдіріп, шығармашылық табыстар мен жаңа жетістіктер тіледі.

Гүлжанат СЕМБАЕВА

# КӨПКЕ ОРТАҚ ИГІЛІК

## Алматыда көлік инфрақұрылымы қалай дамып келеді?



**Бұрын оқу жылы басталғаннан, Алатау ауданындағы «Дарабоз» шағынауданының тұрғыны Аружанның мазасы қашатын. Қалада оқитын студент қыз сабақтан шығып, үйіне жеткенше қас қараятын еді. Бірақ қазір жағдай өзгерді. Алматының шеткі шағынаудандарын қала орталығымен байланыстыратын жаңа автобус бағыттары қосылды. Өзінің сабағынан бөлек, №209 мектепте оқитын сіңлісін де уақытылы апарып-алып қайтатын кейіпкеріміз үшін бұл үлкен жеңілдік болды.**



«Кішкентай сіңлімді күнде таңертең сабағына апарып, кешке үйге өзім алып қайтамын. Бұрын қала орталығына қатынау нағыз бас ауруы болатын. Қазір жазғы демалыс басталса да, сіңлімді қаладағы лагерьге еш алаңсыз жеткізіп жүрмін. Жаңадан №84 автобус бағыты іске қосылғалы бері күніміз кәдімгідей жеңілдеп қалды», – дейді Аружан Қуаныш.

### Қала мен

#### қала маңын жалғады

Аружанның сөзі – Алматыдағы көлік инфрақұрылымы жаңа серпінінің бір ғана мысалы. Шеткері шағынаудандар мен Алматы облысының іргелес ауылдары енді үлкен шаһармен заманауи қоғамдық көліктер арқылы емін-еркін қатынап жүр.

Көлік инфрақұрылымын дамыту бағытында қоғамдық көлікті жаңарту мен маршруттық желіні күшейту негізгі нәтижелердің бірі болды. Бүгінде Алматыда 26 тасымалдаушы 206 қалалық және қала маңындағы бағытқа қызмет көрсетеді. Қоғамдық көлік паркi 3108 автобустан тұрады. Оның ішінде 1564 газбен жүретін автобус, 137 электробус, 156 троллейбус және 1251 дизельді автобус бар. Маршруттардың тұрақты жүру көрсеткіші 98-99 пайызға жеткен. 2023–2025 жылдары 3240 автобус

сатып алынып, соның нәтижесінде автобустардың орташа пайдалану мерзімі 6 жылдан 2 жылға дейін қысқарды. 2025 жылдың басынан бері 8 жаңа бағыт ашылып, 10 маршруттың жылжымалы құрамы толық жаңартылды. Ал 49 бағыт қосымша 230 автобуспен толықты.

Жаңа автобус бағытының игілігін көріп, қуанып жүрген жандардың бірі – Гүлнар Жақсылыққызы Құлжа тас жолының бойындағы Еңбекші ауылында тұрады.

«Жұмысым қаланың орталығында, тұратын жеріме біраз алыс. Бұрын қалаға бару, одан үйге жету қиын еді. №203, 225 деген кішкентай ғана 2 автобус жүретін. Кейде оларды ұзақ күтсек те, сыймай қаламыз. Сөйтіп, амалсыз, таксимен кететінбіз. Тапқан ақшаның біразы жолға кетіп қалатын. Қазір, шүкір, жағдай өзгерді. Ішінде кондиционері бар, телефон қуаттауға болатын үлкен, жайлы автобустар жүре бастады. 241, 242, 243, т.с.с. жаңа автобустар қосылды. Ең бастысы, жиі жүреді. Қалаға қатынау әлдеқайда жеңілдеп қалды. Таңертең жұмысқа жету де, кешке үйге қайту да бұрынғыдай машақат емес. Енді метро Жетісу базарына дейін келеді деп естіп жатырмыз, онда тіпті жақсы болады. Көлік азайып, халық қоғамдық көлікпен ыңғайлы қатынайтын еді. Бұл әрі уақыт үнемдейді, әрі экологияға пайдалы дегендей... Осындай жақсы өзгерістер көп болса екен деп тілейміз», – дейді Гүлнар.

Мегаполисте қоғамдық көлік пен жол инфрақұрылымын жаңғырту жұмыстары жүйелі жүргізіліп жатыр. Кейінгі бір жылдың ішінде қоғамдық көліктің 8 жаңа бағыты іске қосылып, 105 автобус қолданысқа берілген. Сонымен қатар, 10 бағыт бойынша жылжымалы құрам жаңартылып, тағы 162 көлік желіге қосылды.

Қаладағы бағыттардың географиясы айтарлықтай кеңіді. Мәселен, №96 автобус «Саялы» мен «Зерделі» шағынаудандарының тұрғындарын әуежайға дейін тікелей жеткізсе, №84 бағыт «Алғабас», «Ақмаржан», «Ғажайып», «Ботагөз» және «Нүркент» сияқты бірнеше ірі аумақты байланыстырып отыр. Сондай-ақ, іргелес жатқан «Көксай» мен «Теректі» ауылдарына №83 бағыт іске қосылды. Ал қала ішіндегі қатынасты реттеу үшін «Қалқамандағы» №7 ауруханадан Көктөбеге дейін №130

автобус, «Алматы-2» теміржол вокзалынан Жандосов пен Гагарин көшелері арқылы «Auevov City» маңын қамтитын №145 жаңа бағыт жолға шықты.

### «Жолға да жүйе керек»

Урбанист Владислав Филатов автобус бағыттары санының артуына қарап, атқарылған жұмысқа баға беру қиын дейді. Оның сөзінше, қоғамдық көліктің дамып жатқаны, әрине, жақсы бастама. Бұл жерде ең маңыздысы – сол бағыттардың қай көшелермен өтетіні және олар үшін арнайы бөлінген жолдардың бар-жоғы.

«Кейінгі жылдары қаланың көлік инфрақұрылымында үлкен өзгерістер бола қойған жоқ еді, тек соңғы бір жылда бұл саланың жұмысы қарқынды алға жылжи бастады. Дегенмен, қазіргі таңда бұрыннан, тіпті кеңес дәуірінен бері жоспарланған көшелерді ұзарту жұмыстарының аяқсыз қалуы өзекті мәселе болып отыр. Оған қажетті негіз бар, бірақ көліктердің тіке жүрудің орнына, ұзақ жолды айналып өтуге мәжбүр болып жүрген тұстарын әлі де жиі көреміз. Мұндай айналма жолдар автокөліктердің белгілі бір көшелерде шектен тыс шоғырлануына әкеп соғады, бұл – кептелістің басты себебі», – дейді урбанист.

Кез келген адамның қала орталығынан, жұмысының жанынан үй сатып алуға мүмкіндігі келе бермейді. Урбанистің пікірінше, метро немесе автобус санының көбеюіне сеніп отыруға болмайды.

«Қоғамдық көлік – бәріне ортақ игілік. Ол жеке автомобильдер атқара алмайтын ең басты міндетті орындайды, яғни аз уақытта бірнеше адамды бір уақытта тасымалдай алады. Сондықтан екі міндет те бірдей маңызды: тек автобустардың санына немесе метроға ғана сеніп отыруға болмайды. Көшелерді салғанда, ұзартқанда немесе жөндегенде қоғамдық көліктер мен жеке мобильділік құралдары – самостат, велосипед үшін арнайы жол салынуы қажет», – дейді Владислав Филатов.



## Болашақ ҒЫЛЫМЫ

**«Ғылым ордасында» Ұлттық ғылым академиясының 80 жылдық мерейтойы аясында «Жасанды интеллект дәуірі: II Жас зерттеушілер форумы» өтті.**

Жиынға ҚР Ұлттық ғылым академиясының академиктері, білім басқармаларының басшылары, жетекші жас ғалымдар, сондай-ақ еліміздің әр өңірінен 400-ден астам республикалық және халықаралық байқаулардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері атанған дарынды оқушылар мен олардың ғылыми жетекшілері қатысты. Жасанды интеллект дәуіріндегі жас зерттеушілердің рөліне арналған форум аясында оқушылар өздерінің ғылыми-танымдық жобаларын таныстырып, интеллектуалдық сайыстарға қатысып, жетекші ғалымдармен және академиктермен кездесті.

Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақылбек Күрішбаевтың сөзінше, қазір елімізде 28 мың зерттеуші бар, соның 48 пайызы – 40 жасқа дейінгі жас ғалымдар. Бұл көрсеткіш бойынша біз ТМД мемлекеттерінің ішінде көш бастап тұрмыз, бұл – қазақстандық ғылымның болашағы зор екенінің айқын дәлелі.

«Бүгінгі форумның басты мақсаты – жастарды мектеп қабырғасынан және студенттік кезеңнен бастап ғылымға тарту, олардың арасындағы дарындыларды іріктеп алып, жан-жақты қолдау көрсету.

Осыған байланысты Ұлттық ғылым академиясының жанынан тұңғыш рет Жас ғалымдар кеңесі мен жас зерттеушілерге арналған Кіші академия құрылды. Сонымен қатар, қазіргі уақытта «Жас ғалым» және «Жас зерттеуші» деп аталатын арнайы екі бағдарлама дайындалды», – деді Ақылбек Күрішбаев.

Форумға Тараз қаласынан келген оқушылар көне руна жазуын үйрететін ақылды сайт ойлап тауыпты. 9-сынып оқушылары Шерхан Мәдиұлы мен Қайсар Темірбек сайттың ерекшелігі – пайдаланушы кез келген әріпті немесе таңбаны қолмен көрсету арқылы дыбысталуын, оқылуын тыңдай алады дейді.

«Біз 6-7-сыныптарда оқып жүргенде Қазақстан тарихы мен қазақ әдебиеті пәндерінен Орхон-Енисей ескерткіштері, Тонкөк жазулары және көне руна жазуы сияқты тақырыптарды өткен болатынбыз. Сол кезде оқулықтағы таста қашалған символдар мен көне сөздердің мағынасын толық түсіне алмадық. Содан бері бұл тақырыпты тереңірек зерттеп, ары қарай дамытқымыз келді. Платформа көне түркі жазуын тез, жеңіл әрі қызықты жолмен үйренгісі келетін жандарға арналған. Сайттың негізгі жұмыстары дайын, тек кейбір техникалық тұстарын жөндеп жатырмыз. Жақында жобаны көпшілікке ашық қолданысқа шығаруды жоспарлап отырмыз», – дейді оқушылар.

**Бетті әзірлеген  
Гүлжанат СЕМБАЕВА.**  
Коллаж: Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

# АЛГОРИТМ ӘЛЕГІ

## Такси құны неге құбылады?



**Таңсәрі.** Алматы Халықаралық әуежайы. Астанада жұмыс сапарымен ұшып келген Уәли Сәбден қала орталығына жету үшін такси қызметіне жүгінгелі тұрған. Баратын жері әуежайдан тым алыс емесін білетін Уәли өзіне ұсынылған бағаны көріп, таңырқап қалды. Бірден осындағы таныстарына хабарласып, «Осы баға дұрыс па, осымен жүре берейін бе?» деп анықтап та алды.

Бірақ бағдарламаға қайта кіріп, жаңағы мекенжайға такси шақырғанында, баға тіпті қымбаттап шыға келді. Соңында бұл жайтты баяндап, әлеуметтік желіге өз қынжылысын жеткізуден басқа амалы болмады. Себебі, такси бағасы тұрақты емес және ол өз бетінше баға ұсына да алмайды.

Оның жазбасы Threads желісінде тез-ақ таралып, қызу талқыға түсті. Қысқа уақыт ішінде жазбаға кері байланыс жасаған қолданушылар саны да таңқалдырды. Осы кезде ол мәселенің тек өзіне ғана қатысты емесін, жалпы көпшілікті қынжылтатын тақырып екенін түсінді. Мұны біз оған арнайы хабарласып, такси бағасына қатысты пікірін сұрағанымызда да айтып еді.

Уәли Сәбденнің айтуынша, өзі жұмыс бабымен қалалар арасында жиі қатынайды, әрі қалада такси қызметіне көбірек жүгінеді. Астана қаласында да такси бағасының шарықтайтын кезі болады, бірақ мұншалықты қысқа уақытта бағадағы «секірісті» тек Алматыдан ғана көріп отыр.

### Алматыда ең қымбат...

Біз хабарласқан пайдаланушылардың басым көпшілігі такси бағасының ұдайы қымбаттап келе жатқанына шағынады. Мұны ресми статистикалық мәліметтермен де растауға болады. Айталық, Ұлттық статистика бюросының «Талдау» ақпараттық-талдамалық жүйесі ұсынған деректер өткен жылдың қараша айында такси бағасы 15%-ға өскенін көрсеткен. Ал Ranking.kz жариялаған мәліметке қарасақ, 2024 жылдың сәуір айына дейінгі бір жыл ішінде еліміз бойынша такси қызметінің орташа құны 12,3 пайызға артқан. Такси бағасының қымбаттауы әсіресе, Алматы қаласында айқын байқалады. Мұнда такси тарифі 40,6 пайызға дейін көтерілген. Осылайша мегаполис елімізде такси бағасы ең қымбат қалаға айналып отыр.

Әлбетте, еркін нарық заңына, экономиканың өз қағидаларына сай бағаны сұраныс анықтайды. Ауа райы нашарлаған кезде қоғамдық көлікті пайдаланғысы келмейтіндер саны көбейеді, оған себеп жүргізушілердің бір бөлігі жолға шықпайды немесе рейс санын азайтады. Соның

салдарынан қоғамдық көлікте адам саны тіпті көбейеді. Нәтижесінде такси қызметіне сұраныс артып, ұсыныс азаяды.

### «Жүйе солай жұмыс істейді»

Бірақ такси бағасын қазір адам емес, алгоритм, яғни цифрлы жүйе анықтайды. Мұны IT маманы Асылбек Әшімбаев былай түсіндіреді:

– Такси нарығындағы баға қалыптастыру жүйесі толықтай цифрлық алгоритмдерге негізделген. Яғни бұл – адам қолымен емес, автоматтандырылған жүйе арқылы басқарылатын динамикалық модель. Мұнда негізгі факторлар ретінде сұраныс пен ұсыныс қана емес, сонымен қатар ауа райы жағдайы, жолдағы кептеліс деңгейі, бос жүргізушілер саны және белгілі бір уақыттағы белсенділік деңгейі ескеріледі. Осындай көп факторлы есептеу нәтижесінде баға секунд сайын өзгеріп отыруы мүмкін. Мұндай жүйені қарапайым халыққа түсіндіру қиын екенін, тіпті кейде қолданушылар үшін әділетсіздік болып көрінетінін маман да растайды. Дегенмен, ол IT тұрғысынан қарағанда, бұл – нарықтық тепе-теңдікті сақтауға бағытталған стандартты алгоритмдік тәсіл деп қарайды.

Алдағы уақытта бұл жүйелер одан әрі жетілдіріледі деп күтіледі. Мысалы, кейбір елдерде қолданылып жүргендей, бағаға белгілі бір шектеу қою немесе әлеуметтік тариф енгізу секілді реттеу тетіктері де қа-

растырылуы ықтимал, – дейді Асылбек Әшімбаев.

### «Баға өскенімен, табыс өспейді»

Такси бағасының аспандағанына қарап такси жүргізушілерінің табысы артып жатыр деген ойда болатынымыз анық. Бірақ такси жүргізушілері бұған келіспейтіндей. Алматы тұрғыны Нұрбақыт Жалғасов тұрақты жұмысы болғанымен, қосымша табыс табу үшін такси жүргізеді.

– Баға өскенімен, табыс әрдайым көбейе бермейді. Комиссия, жанармай, кептелісте өтетін уақыт бәріне әсер етеді. Кейде ұзақ жұмыс істесең те, пайда күткендей болмайды. Себебі, такси платформаларының ұстайтын комиссиялары да біршама жоғары. Ал көлікті жалға алып істейтіндер үшін пайда тіпті, мардымсыз болады. Себебі, жалға алған көліктерге тәулігіне ең кемінде 12 000 теңге, ал кей көліктер үшін 20 000 мың теңгеден көбірек ақы төлейді, – дейді ол.

Оның айтуынша, жолаушылар да бағаның қымбат екенін айтып шағынады. Тіпті, бағаның қымбаттауын жүргізушілерден көріп, жанжал шығаратындар да болады.

### «Артық табыс үшін жасалмайды»

Яндекс Go компаниясы бағаның қымбаттауын артық табыс үшін жасалмайды

дейді. Олар бағаның динамикалық жүйе арқылы қалыптасатынын, жолақы құны сұраныс пен ұсынысқа тікелей байланысты өзгеріп отыратынын айтады.

– «Баға сұраныс жоғары болған кезде автоматты түрде өседі. Бұл жүргізушілер санын көбейтіп, тапсырыстарды тезірек орындауға мүмкіндік береді. Яғни бұл жүйе тұрақты емес сұранысты реттеуге бағытталған. Тарифтің қымбаттауы тек табыс табу мақсатында емес», – деп түсіндірген Яндекс Go сервисі ресми материалдарында.

Сонымен, такси қызметін қолданушылар, жүргізушілер және компания тараптарының пікірлері әртүрлі. Әр тарапта өзіндік уәжі бар. Айталық, бір тарап нарықтың заңдылығына байланыстырса, енді бір тарап бағаның тұрақсыздығына шағынады. Бұдан қарап такси бағасының тұрақсыздығы тек экономикалық мәселе емес екенін, технологиялық әрі әлеуметтік құбылыс екенін бағамдаймыз.

Цифрлық платформалар енгізген динамикалық тариф жүйесі нарықтық тепе-теңдікті сақтауға бағытталғанымен, қарапайым тұтынушы үшін әрдайым болжамды бола бермейді. Сондықтан бұл салада жүргізуші, компания және жолаушы мүддесінің арасындағы теңгерімді сақтау маңызды болып қала береді.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.

Коллаж: Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

# АБАЙЛАҢЫЗ, БАЛАЛАР!

**Жаз басталды. Алматыда балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары күшейтілді. Әсіресе, абайсызда болатын өрттердің алдын алу, таулы аймақтардағы төтенше жағдайлар, балалардың терезеден құлауы мен суға бату оқиғаларына ерекше назар аударылып отыр.**

Бұл туралы Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаменті Жою басқармасының бастығы Денис Ярцев Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында мәлімдеді.

Спикердің айтуынша, балалардың басынан өтетін оқиғаның көбі бақылаусыз кетіп, қарапайым қауіпсіздік ережесін сақтамағандан болады екен. Биыл терезеден құлаған осындай 4 бала тіркелген. Зардап шеккендер 6–8 жас аралығындағы балалар болып шықты. Қаза тапқандар жоқ.

Мұндай оқиғаның көбі көп қабатты тұрғын үйде болады. Осыған байланысты ата-аналарға терезеге арнаулы бекіткіш пен шектеу құрылғысын орнатып, балаларды ашық терезенің жанында қараусыз қалдырмауды ескертіп отыр.

«Бала терезенің алдына шығып кетпес үшін жиһазды терезеден алыстау қойып, терезеге арнаулы бекіткіш пен шектеу құрылғысын орнатуы керек. Москит торынан ешқандай пайда жоқ. Балалар оған сүйенгенде, тор баланың салмағын көтере алмауы мүмкін», – деп ескертіп өтті Денис Ярцев.

Жаз мезгілінде балалар отпен ойнап, өрт те шығады содан. Сондықтан балаларға өрт қауіпсіздігі ережесін айтып, өрт шыққанда не істеу керегін әркім өз баласына жан-жақты түсіндіруі керек. Тіпті, шағын өрт ошағын байқаса да, дереу ғимараттан шығып, ересектерге хабарлап, «101» немесе «112» нөмірлері арқылы төтенше қызметтерді шақыру керектігін әр бала біліп жүруге тиіс.

ТЖД мәліметінше, 2025 жылы құтқарушылар Алматы мен облыстың тауында 88 жасөспірімге көмек көрсеткен.



Биыл 17 бала құтқарылыпты. Жазатайым оқиғаға көбіне ересектерді ертпей, балалардың өз бетінше жолға шығуы себеп болып жатады екен. Сапарға шығарда күн райын біліп алмай, жолдың қиындығын ескермей, қажетті заттарды түгел алып шықпауы да негізгі себептің бірі дейді мамандар.

Әзірлеген Гүлжанат СЕМБАЕВА.

(Сурет: ашық дереккөзден).



# БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ

**Халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды Алатау ауданындағы «Саялы» шағынауданында орналасқан «ЖІГЕР» оқушылардың инновациялық шығармашылығы мен даму орталығын салтанатты түрде ашты.**



Жаңа білім мен шығармашылық алаңының ашылуы балаларға ерекше қуаныш сыйлады. Ашылу салтанаты күні орталық алдында асық ату, тоғызқұмалақ және түрлі ойын-сауық алаңдары ұйымдастырылды. Балмұздақ таратқан сайқымазақ балалардың көңілін көтерсе, аудан мектептерінің оқушылары киізден жасалған бұйымдарын, лево бөлшектерінен құрастырылған туындыларын, заманауи қаланың макеттерін және басқа да шығармашылық жұмыстарын көрмеге қойды.

Әртүрлі жастағы балалар ойындарға белсене қатысып, олардың ата-аналары мен ата-әжелері де қуаныштарын жасырмады. Орталықтың ашылуына қуанған шағынаудан тұрғындары күннің ыстығына

қарамастан, ашылу салтанатын айрықша көңіл күймен өткізді.

Жаңа нысан Алматыдағы қосымша білім беру, шығармашылық, спорт және инклюзивті даму бағыттарын біріктіретін ең ірі заманауи орталықтардың біріне айналмақ. Қонақтарға елімізде баламасы жоқ көпсалалы білім беру кешені таныстырылды. Ол заманауи технологияларды, инженерлік шығармашылықты, спорттық инфрақұрылымды, инклюзивті білім беру мен тұлғалық даму бағдарламаларын бір шаңырақ астына тоғыстырған.

Алматы қалалық құрылыс басқармасының мәліметінше, жоба жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылған. Жалпы, инвестиция көлемі 11,5 млрд. тең-

гені құрайды. Кешеннің жалпы аумағы 10,6 мың шаршы метрден асса, жер телімінің көлемі 15,8 мың шаршы метрден асады. Орталық тәулігіне екі ауысымда 1350 балаға дейін қабылдауға қауқарлы.

Мұнда балалардың білім алуына, қабілеттерін дамытуына, әлеуметтенуіне және кәсіби бағдар алуына барлық жағдай жасалған. Әр баланың жас ерекшелігі мен қызығушылығына қарамастан, өз мүмкіндігін ашуына мүмкіндік беретін заманауи даму экожүйесі қалыптастырылған. Сондай-ақ, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолайлы кедергісіз орта құруға басымдық берілген.

Инженерлік және ғылыми-техникалық шығармашылықты дамыту мақсатында робототехника, электроника және радиобайланыс, 3D модельдеу мен прототиптеу кабинеттері, сандық бағдарламамен басқарылатын станоктар сыныбы, модельдеу зертханалары және жаңартылатын энергия көздері үйірмесі ашылған.

Креативті индустрияларды дамытуға арналған бөлімде бейнелеу өнері, мүсін және қыш шеберлігі студиялары, музыкалық студия, кәсіби дыбыс жазу бөлмесі, хореография сыныбы, актерлік шеберлік пен режиссура залы жұмыс істейді. Сондай-ақ, шахмат, дойбы және тоғызқұмалақ кабинеттері, планетарий, оқу залы мен заманауи білім беру кеңістіктері қарастырылған.

Кешеннің басты ерекшеліктерінің бірі – дамыған спорттық инфрақұрылым. Мұнда бассейн, бокс, күрес, дзюдо, таэквондо және каратэ залдары, сондай-ақ емдік дене шынықтыру бөлмесі жабдықталған. Ал жобаның маңызды бөлігі – инклюзивті бағыты. Орталықта сенсорлық бөлме, психолог, логопед және дефектолог кабинеттері, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған арнайы бассейн, психологиялық-педагогикалық қолдау және түзету кеңістіктері жұмыс істейді.

Жаңа орталық мыңдаған алматылық балаға заманауи білім мен дағды игеруге, шығармашылық және интеллектуалдық әлеуетін дамытуға, спортпен айналысуға, озық технологияларды меңгеруге және болашақ мамандықтарға дайындалуға мүмкіндік береді.

## АҚЖАРМА ЛЕБІЗ

**Диана  
ОСПАНОВА:**



**Ата-аналарға  
үлкен  
көмек болды**

Орталық ашылатыны туралы естіп, бүгін арнайы келдік. Бізге ең алдымен бассейннің болғаны қатты ұнады. Хабарламаны көрген сәттен-ақ қызыққанбыз. Ал бүгін келіп көргенде, әсеріміз одан да жақсы болды. Ғимарат жаңа, жарық әрі өте жайлы екен. Мұндай орталықтардың ашылуы – балалардың жан-жақты дамуына жасалған үлкен қолдау деп ойлаймын. Қазіргі таңда көптеген балалар уақытын гаджетпен өткізеді. Сондықтан олардың белсенді болып, шығармашылықпен айналысуына, жаңа қабілеттерін ашуына мүмкіндік беретін осындай орындардың маңызы зор. Бұл бағытта мемлекет балалардың болашағына инвестиция салып, ата-аналарға үлкен көмек көрсетіп отыр. Тамаша!

**Әлия  
БИЖАНОВА:**



**Немеремді  
алып келдім**

«Саялы» шағынауданында осындай үлкен шығармашылық және даму орталығының ашылып жатқанына өте қуаныштымыз. Бүгін немеремді арнайы алып келдім. Мені ерекше қуантқаны – орталықта логопед маманының қызмет көрсететіні. Себебі, немерем ерекше білім беруді қажет етеді. Мұнда балалардың жан-жақты дамуына арналған көптеген үйірмелер мен бағыттар бар екен. Енді немеремді барынша пайдалы үйірмелерге қатыстырсам деген ойым бар. Осындай заманауи әрі қолжетімді орталықтар көбейе берсе екен.

## БАР ЖАҚСЫМЫЗ – БАЛАЛАРҒА

**Ақниет  
ТОҚСАМБАЙ:**



**Бізге керекі  
де осы ғой!**

Мен 9-сыныпқа көштім. Бізді осы жаңа шығармашылық орталықтың ашылу салтанатына арнайы шақырды. Орталық заманауи, жарық әрі өте әдемі екен. Ғимараттың ішкі дизайны да, жалпы атмосферасы да балаларға қолайлы етіп жасалған. Көптеген үйірмелер бар. Балалардың өз қабілетін дамытып, бос уақытын тиімді өткізуіне толық жағдай жасалған. Бізге керекі де осы ғой!

**Айша  
ТОҚСАМБАЕВА:**



**Біздің екінші  
үйіміз  
болады**

Бүгін орталықтың ашылуына қатысып, ерекше әсер алдым. Ішке кірген сәттен-ақ жылы атмосфера сезіледі. Бәрі әдемі әрі ұқыпты жасалған екен. Мұнда балалар тек уақыт өткізбей, өзіне жаңа қабілеттер ашуына мүмкіндік алады деп ойлаймын. Әр бөлме өз алдына қызықты, сонысымен көңілімді аударды. Енді бұл жер біздің екінші үйіміз болады!

**Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.**  
Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

# ШАҒАР БАЛА КҮЛКІСІНЕ БӨЛЕНДІ

## ЖЕТИСУ АУДАНЫ

**Балалар мерекесін Жетісу ауданының кішкентай тұрғындары да зор көңіл күймен атап өтті. «Гүлдер» саябағында Жетісу ауданы әкімшілігі мен «Даму бала» орталығы ұйымдастырған «Баламыз біз бақытты!» деп аталатын мерекелік шараға ауданның мыңға жуық баласы қатысты.**

Мерекелік жиын барысында бүлдіршіндердің сурет көрмесі, ән мен би жарысы ұйымдастырылды. Сондай-ақ, аудандағы балалардың шығармашылық үйлері көркемөнерпаздарының өнерін тамашалады. Бұл күні балақайлар түрлі ертегі кейіпкерлерімен бірге суретке түсіп, ертегі әлемінде жүргендей күй кешті.



Барша кішкентай тұрғындарды Жетісу ауданы әкімінің орынбасары Жанасыл Сабырұлы құттықтады. Мерекелік жиын барысында барлық балаларға тәтті сусындар мен балмұздақ таратылды.

**Рая ЕСКЕНДІР.**

## МЕДЕУ АУДАНЫ



**Медеу ауданы әкімдігі мен Оқушылар сарайы ұйымдастырған «Шаттыққа толы балалық» атты мерекелік іс-шарада концерттік бағдарлама мен түрлі шығармашылық алаңдар жұмыс істеді. Сурет салып, ермексазбен жұмыс істеп, өз өнерлерін ортаға салған кішкентай бүлдіршіндер айрықша қуанды.**

Іс-шара барысында биыл Медеу ауданының құрылғанына 90 жыл толғаны айтылып, мерейтой аясында жүзеге асып жатқан жұмыстар таныстырылды. Сонымен қатар, «Таза Қазақстан» ақ-

циясы мен «Заң және тәртіп» қағидатының маңызы насихатталды.

Оқушылар сарайы аумағында тігілген киіз үй мерекенің көркін аша түсті. Мұнда балалар ұлттық қолөнермен танысып, ата-баба мұрасы мен салт-дәстүр туралы мағлұмат алды.

Мерекелік концертте Оқушылар сарайының жас өнерпаздары ән мен биден шашу шашты. «Арман» би ансамблі, «Иллюзия», «Эклипс», «Жібек жолы» би ұжымдары және «Әл-Қисса» домбырашылар ансамблі өз өнерлерін ұсынып, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Сондай-ақ, жас әншілер мен «Гармония» квинтеті, «Умай» тобы мерекелік кештің ажарын аша түсті.

**Дастан ҚАСТАЙ.**

## БОСТАНДЫҚ АУДАНЫ

# ЖАЗ ҚЫЗЫҒЫ БАСТАЛДЫ

### Алматыда лагерьлер іске қосылды

**Оқу жылы аяқталғаннан кейін Алматыда мектеп жанындағы лагерьлер жұмысы басталды. Балалар үшін мазмұнды жазғы демалыс бағдарламасы әзірленген. Лагерьлерде балалар зияткерлік және шығармашылық ойындарға, спорттық жарыстарға қатысады.**

Мүсілім Базарбаев атындағы №138 гимназиясында мектеп жанынан ұлттық дәстүрмен жақын танысуға, сәндік-қолданбалы өнер мен қолөнер негіздерін үйренуге мүмкіндік беретін этнолагерь ұйымдастырылды. Оқу ордасының аума-

ғында киіз үй формасындағы «Парасат шаңырағы» атты жеке бөлме жасалған. Бір ерекшелігі – бұл бөлме тек жазғы демалыс уақытқа ғана емес, оқу жылы басталғаннан кейін де пайдаланылады.

Сондай-ақ, лагерьге келген балалар футбол, волейбол, баскетбол және ұлттық спорт түрлері бойынша жарыстарға қатысады. Биыл №138 гимназиясында жазғы демалыспен 1–4-сынып аралығындағы 160 бала қамтылған. Оқушылар 10 күн бойы сағат 9.00-15.00 аралығында мектеп қабырғасында болып, жазғы демалысты қызықты әрі пайдалы өткізеді.

Мүсілім Базарбаев атындағы №138 гимназиясының директоры Медет Иманбекұлының айтуынша, өзі басқаратын мектепте

қазіргі уақытта 815 бала білім балады. Оның ішінде 48 түлек бар. Мектеп жанындағы лагерьдің ашылуына немересін алып келген Мейрамгүл Байжанова қала басшылығы тарапынан балаларға жазғы уақытта ерекше көңіл бөлінгеніне алғыс білдірді.

– Немерем Жаннұр Жанболат биыл 1-сыныпты бітірді. Енді лагерьге алғаш рет барып отыр. Меніңше, үйде отырғаннан гөрі балалармен бірге үйірмелерге қатысып, осында уақыт өткізуі дұрыс. Көңіл күйі жақсы болады, жаңа нәрселерді үйренеді. Бір уақыт тамақтары да бар. Балаларымызға мұндай жағдай жасалғанына қуаныштымын, – деді әже.

№138 гимназияда білім алатын екі баланың анасы Азира Кенжебаева да

жазғы лагерьге байланысты өз пікірін айтты. Оның сөзінше, бұл – балалардың дамуына мүмкіндік беретін орта.

– Менің балаларым осы мектепте екінші және алтыншы сыныптарды бітірді. Мектеп жанында лагерьлердің жұмыс істейтіні өте тамаша, өйткені мектептен кейін үйде зерігеді. Әсіресе, күн ыстықта отыра алмай кетеді. Ал лагерьде өз достарын көріп, олармен бірге ойнайды. Онымен қоймай, кино мен экскурсияларға барады. Бала жан-жағынан дамиды. Мен оларды лагерьге әкелген соң, қауіпсіздігіне уайымдамаймын, – деді ол.

**Досбол АТАЖАН.**

*Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.*



# ТАБИҒАТҚА ҚАМҚОРЛЫҚ

## Бас ботаникалық бақтың бүгінгі келбеті қандай?

**Алматыны әдемі өсімдікпен әсемдеп қоя салу аздық етеді. Оларды жақсылап күтіп-баптап, ағаш пен гүлді дұрыс таңдап, ғылыми тәсілді көбірек қолдану керек. Өңірлік коммуникациялар қызметінде Ботаника және фитоинтродукция институтының Бас ботаникалық бағының мамандары осылай деп мәлімдеді.**

Сарапшылар үлкен қалаларда неге жасыл желекке қажеттілік артқанын, Алматының климаты мен экологиясына тәзімді өсімдіктерді ғалымдардың қалай іріктеп жатқанын жан-жақты баяндап берді. Дендрология зертханасының кіші ғылыми қызметкері Ботагөз Билибаева-ның айтуынша, жасыл желек қала өмірінде маңызды рөл атқарады.

– Өсімдіктер ылғалды сақтауға көмектеседі, қолайлы микроклимат қалыптастырып, ауаның сапасын жақсартады. Дәл осы жасыл желектер қаланы өмір сүруге ыңғайлы әрі жайлы етеді. Олардың қалалық ортаға пайдасын бір

ауыз сөзбен жеткізу қиын, – дейді Ботагөз Билибаева.

Дендрология зертханасының меңгерушісі Айнұр Есжанова ғалымдардың ағаштың бірыңғай цифрлық базасын құруға көңіл бөліп отырғанын айтты.

– Қаладағы ағаштар атмосферадағы көмірқышқыл газының мөлшерін азайтуға көмектеседі. Бірақ бұл жұмыс тиімді болуы үшін қандай ағашты егу керектігін нақты біліп алу қажет. Сол үшін әр ағаш туралы ақпарат жинақталатын цифрлық деректер базасы керек. Мұндай жүйе қаланың жасыл қорын тиімді бақылауға мүмкіндік береді, – деп қосты А.Есжанова.

Дендрология зертханасының аға ғылыми қызметкері Светлана Набиева әр өңір өзіне үйлесетін өсімдіктің түрін таңдап алуы керек деген ой қосты.

– Алматыда егетін өсімдіктің тізіміне осында кемі 20 жыл бойы жақсы өсіп келе жатқандарын ғана енгізеді. Мамандар әлемнің әр елінен жаңа өсімдіктің түрін әкеліп, олардың жергілікті климатқа жерсінетінін тексереді. Содан кейін ғана оларды көгалдандыруға қолданады, – дейді С.Набиева.

Жасыл желекке дұрыс күтім жасау – негізгі міндет. Дендрология зертханасының аға ғылыми қызметкері Инга Бабаидың айтуынша, үлкен қалаларда ауаның ластануынан көбіне осы ағаш пен бұта қорғайды екен.

Қаланы гүлмен безендіру тәсілдері туралы ашық топырақтағы гүлді-сәндік өсімдіктер зертханасының меңгерушісі Ескендір Сәтеков былай деді.

– Гүлмен көгалдандыру әсемдік үшін ғана керек емес. Өсімдіктер қалалық ортаға тәзімді, ұзақ уақыт гүлдейтін және күрделі күтімді қажет етпейтін болуы керек. Сонымен қатар, балалар алаңы мен жаяу жүргіншілер аймағының маңында қауіпті немесе күшті аллергия тудыратын өсімдіктерді тағы қолдануға болмайды, – деді Е.Сәтеков.

Мамандардың айтуынша, бүгінде Бас ботаникалық бақ Алматы үшін тұрақты, әсем әрі жайлы жасыл орта қалыптастыру мақсатында әлемнің түкпір-түкпірінен әкелінген өсімдікті зерттеп, бейімдеп жатыр.

Әзірлеген  
Дана САДЫРҚАН.

## «Жасыл елдің» жаңа маусымы басталды

**Мегалополисте «Жасыл ел» жастар еңбек жасағының жаңа маусымы басталды. Биыл жоба аясында 2100 жас пен жасөспірім маусымдық жұмыспен қамтылмақ. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының басшысы Азиз Кажденбек қалада жастар саны 769 мыңнан асатынын, олардың ішінде жұмыс істейтіндер, студенттер және мектеп оқушылары бар екенін айтты.**

2005 жылдан бері жүзеге асып келе жатқан «Жасыл ел» жобасы жастарды еңбекке баулу, экологиялық мәдениетті қалыптастыру және қоғамдық жұмысқа тартуды мақсат етеді. Биылғы бағдарлама «Таза Қазақстан» бастамасымен үндесіп отыр. Өткен жылы Алматы бұл жобаны жүзеге асыру бойынша елімізде үздік өңір атанған. Сол кезде де шамамен, 2,1 мың жас маусымдық жұмыспен қамтылған. Жоба аясында жастар қаланы көгалдандыру, санитарлық тазарту және абаттандыру жұмыстарына қатысады. Бағдарламаға 14 пен 35 жас аралығындағы мектеп оқушылары, студенттер мен жұмыссыз жастар қатыса алады.

Алматы қаласы «Жасыл ел» жобасының жетекшісі Ердаулет Жүнісбек бұл бастама жастарға алғашқы еңбек тәжірибесін беріп, қала дамуына үлес қосуға мүмкіндік беретінін атап өтті.

– Біздің міндетіміз жастарды уақытша жұмыспен қамтып қана қоймай, олардың белсенді азаматтық ұстанымын, экологиялық мәдениеті мен қалалық ортаға деген жауапкершілігін қалыптастыру, – дейді спикер.

Еңбек маусымы 30 қыркүйекке дейін жалғасады. Жобаға қатысу үшін арнайы қабылдау пунктіне немесе оқу орны арқылы өтініш беруге болады.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.

## Эко-саябақ ашылды

**Шаһар төрінде Медеу ауданының 90 жылдығы мен Халықаралық балаларды қорғау күніне орай «ЭКО-БАЛАЛЫҚ ШАҚ – табиғат аясындағы бақыт мекені!» атты іс-шара өтті. Дәл осы күні «Бақытты балалық шақ» эко-саябағы ашылды.**

Соңғы жылдары әлем халқы экологияға мән беріп, бұл мәселе алаңдаушылық тудырып отыр. Сондықтан экологиялық білім беру мәселесі мектептен емес, мектепке дейінгі мекемеден басталуы керек деген ұстаным күшейіп келеді. Өйткені, табиғатқа деген жауапкершілік пен экологиялық мәдениет баланың ерте жасынан қалыптасады. Соңғы жылдары көптеген елдерде балабақшаларды тек тәрбие орны емес, тұрақты даму құндылықтарын үйрететін білім кеңістігі ретінде қарастыруды бастады. Осы ретте Алматыдағы №157 бөбекжай-балабақшада да маңызды мәселе жүзеге асырылды.

Мұнда ашылған «Бақытты балалық шақ» эко-саябағы балалардың табиғатты бақылауына, тәжірибелік зерттеулер жүргізуіне және қоршаған ортамен тікелей байланыс орнатуына мүмкіндік береді. Эко-саябақ аумағына жасыл аймақтар, шағын зерттеу алаңдары, гүлзарлар және балаларға арналған экологиялық локациялар орналасқан. Жалпы, бұл жоба табиғатты қорғау туралы тек теориялық түсінік беріп қана қоймай, оны күнделікті тәжірибе арқылы меңгеруге бағытталған. Іс-шараға Алматы қаласы Білім басқармасы, ғылыми-әдістемелік орталық өкілдері, халықаралық білім беру жобаларының сарапшылары мен педагогтер қатысты. Қатысушылар мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық мәдениетті қалыптастырудың заманауи тәсілдерін талқылады.

Қалалық Білім басқармасы басшысының орынбасары Бибигүл Төлепбергенқызы экологиялық тәрбиенің тұлға қалыптастырудағы рөліне тоқталды.

– Шыны керек, қазіргі балалар табиғатпен бұрынғы буынға қарағанда азырақ байланысады. Уақыттың көбі цифрлық ортада өтеді. Сондықтан балабақшадағы экологиялық кеңістіктер баланың қоршаған ортамен қарым-қатынасын қалыптастыратын маңызды алаңға айналып отыр. Табиғатты жақсы көретін бала болашақта қоғамға да жауапкершілікпен қарайды, – деді.

Семинар барысында педагогтер экологиялық тәрбие бағытындағы тәжірибелерімен бөлісіп, интерактивті алаңдардың жұмысын таныстырды. Сонымен қатар, «Маңдала өнері» шеберлік сабағы ұйымдастырылып, Turn It Around халықаралық жобасының Орталық Азиядағы климаттық қарточкалар топтамасы ұсынылды. Өйткені, экология мәселесі бүгінде тек ғалымдар мен экологтардың тақырыбы емес. Бұл – болашақ ұрпақтың өмір сапасына тікелей әсер ететін мәселе. Ал табиғатты қорғау мәдениеті дәл осындай балалық шақтан басталады. Сондықтан Алматыда ашылған «Бақытты балалық шақ» эко-саябағы жәй ғана жаңа алаң емес, табиғатпен үндес ұрпақ тәрбиелеуге бағытталған маңызды білім беру кеңістігі ретінде бағаланып отыр.

Рая ЕСКЕНДІР.



**Қалада «Таза Қазақстан» акциясы аясында Қтағы бір сауапты бастама жүзеге асты. Алатау ауданындағы №181 жалпы білім беретін мектеп ұжымы мен оқушылары игі бастама көтеріп, «Гүл Алматы» атты гүл отырғызу іс-шарасын ұйымдастырды. Бұл күнгі қызу еңбек табиғатқа деген қадамды айқын аңғартып, жанашырлықтың көрінісіне айналды.**

Таңмен таласа басталған тазалық мерекесі әдемі әуенмен басталды. Әсіресе, қолдарына күрек, тырмауыш ұстаған ата-аналар мен ұстаздардың жүзінен еңбекке деген ерекше құлшыныс байқалады. Сонымен қатар, бұл күні мектептің 5-сынып оқушылары да белсенділіктерімен көзге түсті. Мектеп ауласына гүлдің бірнеше түрі отырғызылды. Әрбір бала сол гүлмен қоса үміт пен мейірімін қоса екендей әсер сыйлады. Түрлі-түсті гүлдер мектеп ауласына өзгеше сән беріп қана қоймай, айналары бір сәтте жандандырып жібергендей болды. Бастапқыдағы қарапайым алаң бүгінде көз тартарлық гүлзарға айналып, маңайына жаңа тыныс сыйлағандай әсер қалдырды.

– Осынау бастама арқылы біз тазалықтың тек айналары жинаумен шектелмейтінін түсіндік. Нағыз тазалық дегеніңіз

## Балдырғандар гүл екті



– табиғатты қорғау ғана емес, оның көркеюіне атсалысу. Осындай іс-шаралар жиі ұйымдастырылса, жас буынға еңбекқорлық пен ортақ іске үлес қосудың маңызын тереңірек сезіндірері анық, – дейді Аяулым Рысқали.

Осылайша бірлескен жұмыс нәтижелі болды. Мектеп ауласы көркейіп, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға негіз болатын маңызды бастама жүзеге асты.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

**Қалада «Қазақстан – отбасындағы зорлық-зомбылықсыз ел» атты ауқымды флешмоб өтті. Іс-шараны Алматы қаласы Полиция департаментінің Қоғамдық қауіпсіздік басқармасы мен Профилактикалық жұмысты үйлестіру басқармасы ұйымдастырды.**

Акцияның негізгі мақсаты – қоғамда отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа мүлдем төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру, балаларды қорғау тетіктерін күшейту және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың куәгері болған балаларға қолдау көрсету мәселесіне қоғам назарын аудару.

Іс-шара барысында жастар зорлық-зомбылыққа қарсы ұстанымдарын білдіріп, отбасы құндылықтарын дәріптеудің маңызын көрсетті. Арнайы жарқын түсті футболкалар киген қатысушылар тақырыптық флешкарттар арқылы бейбіт әрі қауіпсіз қоғам құруға үндеді.

Алматы қаласы Полиция департаментінің Қоғамдық қауіпсіздік басқармасының бастығы, полиция подполковнигі Тимур Ноғайбаевтың айтуынша, мұндай акциялар жыл сайын өткізіліп келеді.

– «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында ұйымдастырылатын бұл іс-шараның басты мақсаты – қоғамның назарын отбасындағы зорлық-зомбылық мәселесіне аудару, жәбір көрген азаматтарға қолдау



## «Қауіпсіз болашақты таңдаймыз!»

көрсету және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Алматы қаласы Полиция департаменті мемлекеттік органдармен бірлесіп түрлі профилактикалық іс-шараны тұрақты түрде өткізіп келеді. Әсіресе, дағдарыс орталықтарында түсіндіру жұмыстары күшейтілді, – деді Тимур Ноғайбаев.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, акция аясында қоғамда өзара сыйлас-

тықты нығайту, отбасы институтының маңызын арттыру және құқық қорғау органдарына деген сенімді күшейту мәселелеріне ерекше назар аударылды. Сонымен қатар, мемлекеттік органдар арасындағы өзара іс-қимылды жетілдіру де басты бағыттардың бірі болды.

Айта кетейік, флешмобқа жергілікті атқарушы органдардың өкілдері мен 90-ға жуық студент қатысты. Қатысушылар-

дың белсенділігі қоғамда зорлық-зомбылыққа қарсы ортақ көзқарастың қалыптасып келе жатқанын көрсетті. Мұндай бастамалар әлеуметтік мәселелерге назар аударып қана қоймай, қоғамда қауіпсіздік пен мейірімділік құндылықтарын нығайтуға ықпал етеді.

**Дана САДЫРҚАН.**  
Сурет: автордан.



## Құқығың – қорғаның!

**Алатау ауданында «Тұрмыстық зорлық-зомбылықсыз Қазақстан» жалпықалалық форумы өтті.**

Іс-шара Алатау ауданы оқушыларының инновациялық шығармашылық орталығында Алматы қаласы Полиция департаментінің Қоғамдық қауіпсіздік басқармасы және Алматы қаласы Полиция департаментінің Профилактикалық жұмысты үйлестіру басқармасының бастамасымен ұйымдастырылды. Форум тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға, азаматтардың құқықтарын қорғауға, сондай-ақ халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған.

– «Тұрмыстық зорлық-зомбылықсыз Қазақстан» атты акция бізде жыл сайын өткізіледі. Оның мақсаты – тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесіне азаматтарымыздың назарын аударту,

сондай-ақ отбасы институтын нығайту және жастарға тәлім-тәрбие беру. Жалпы, қазір тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты деректер Алматы қаласында азайып келеді. Полиция департаменті барлық мүдделі мемлекеттік органдармен және үкіметтік емес ұйымдар бірге осы салада қарқынды жұмыс жүргізіп жатыр, – деді Алматы қаласы Полиция департаментінің Қоғамдық қауіпсіздік басқармасы бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Айтан Елеусізов.

Форум барысында сталкингтің құқықтық саралануы, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік, ведомствоаралық өзара іс-қимыл алгоритмдері қарастырылды. Оның нәтижесінде профилактикалық жұмысты жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірленіп, халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруға үлес қосылды.

**Досбол АТАЖАН.**  
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



## Көлеңкелі экономикамен күрес күшейді

**Алматы қаласының Әуезов ауданында бюджеттің кірісін арттыру және көлеңкелі экономиканы азайту мәселелері бойынша кеңес өтті.**

Жиында салықтық жұмыстарды күшейту, бюджетке түсетін түсімдерді көбейту және көлеңкелі бизнесті заңдастыру бағыты талқыланды. Кеңеске Мемлекеттік кірістер басқармасы, Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы, Еңбек инспекциясы комитетінің департаменті және басқа да жауапты өкілдер қатысып, ұсыныста-

арқылы жүргізілуге тиіс. Осы маңызды мәселе бойынша кәсіпкерлермен түсіндіру жұмыстарын жүргізіп жатырмыз, – дейді.

– Кейбір кәсіпкерлер де, жұмыскерлер де жалақыны қолма-қол алғанды ыңғайлы көреді. Алайда, мұндай жағдайда қызметкерлер заң аясында толық қорғалмайды. Себебі, ертең түрлі даулы жағдайлар туындауы мүмкін. Мысалы, салық органдарына «жалақымды толық бермеді», «міндетті төлемдерді ұстамады» деген секілді шағымдар жиі түседі. Осындай мәселелердің алдын алу мақсатында бүгін арнайы іс-шара ұйымдастырылып отыр. Әуезов ауданында бас-талды. Өзге аудандарда да департамент



рын ортаға салды. Айталық, қазір қоғамда жалақыны «конвертпен» төлеу мәселесі күн тәртібіне шығып отыр.

Еңбек инспекциясы комитеті өкілінің мәліметінше, қазір ауданда 15429 кәсіпкерлік нысаны тіркелген. Оның ішінде 125 орта, 1523 шағын кәсіпкерлік субъектісі бар. Кәсіп иелері жалақыны ашық әрі заңды төлеп, қызметкерлерді ресми тіркесе, ешқандай дау туындамас еді.

Әуезов ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы басшысының орынбасары Бек Қалиақпар бұрын қолма-қол берілетін төлемдер қазір банк

осындай шараларды жиі өткізеді. Әсіресе, жалақыны ең төмен деңгейде көрсететін кәсіпкерлермен жұмыс жүргізілуде. Оларды қызметкерлерге беріліп жатқан жалақыны заңды түрде көрсетуге шақырамыз, – дейді ол.

Оның айтуынша, бұл ең алдымен еліміздің экономикасына оң әсер етеді. Мемлекеттік бюджетке түсетін түсім көлемі артып, әлеуметтік және мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруға қосымша мүмкіндік береді.

**Гүлжанат СЕМБАЕВА.**  
Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

# ЕЛ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ТҰЛҒАСЫ

**Қай қоғамда да білім мен ғылым – ұлттың интеллектуалдық болашағының басты көрсеткіші. Сол болашақты қалыптастыруда өз ғылыми өмірін арнаған азаматтар сирек кездеседі. Қазақстан педагогикасының тарихында осындай терең із қалдырған тұлғалардың бірі – Асқарбек Қабыкенұлы Құсайынов. Оның еңбегі – тек теориялық зерттеулер мен ғылыми жаңалықтар ғана емес, ұлт болашағына деген адал қызмет және кәсіби жауапкершіліктің жарқын үлгісі.**

Академик А.Қ.Құсайынов – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының президенті ретінде еліміздің білім беру жүйесіндегі педагогикалық ұжымдармен тығыз байланыстар жасап, ғылыми-педагогикалық зерттеулер арқылы әрдайым жанашырлық танытып, көшбасшылық жасап келеді. Оның есімін алыс-жақын шетелдік әріптестер үнемі Қазақстан педагогикасының халықаралық деңгейде мойындалуына, заманауи білім беру стандарттарын енгізуге қатысты және ғылыми жетістіктермен байланысты таныстырады.

Асқарбек Қабыкенұлы Қазақстандағы салыстырмалы педагогиканың негізін салушы ғалым деп мойындаймыз. Ол білім беру жүйелерін тек салыстыра қарап қана қоймай, олардың философиялық, әлеуметтік және мәдени ерекшеліктерін зерделеумен айналысады. Оның компаративистикалық зерттеулері Қазақстанның білім беру жүйесін халықаралық стандарттармен салыстыруға, әлемдік педагогикалық тәжірибелерден сабақ алуға мүмкіндік берді. Ғалымның еңбектері педагогика ғылымының ұлттық дамуына жаңа көзқарас енгізді, оның ішінде болашақ оқытушылар мен зерттеушілерге аналитикалық ойлауды қалыптастыру жолында маңызды әдіс-тәсілдерді құрал болды.

Профессор А.Қ.Құсайынов – Қазақстандағы орта білімнің сапасы мәселесін ғылыми тұрғыдан көтерген алғашқы зерттеушілердің бірі. Ол білім сапасын кешенді түрде қарастырады: оқушы жетістіктері, мұғалімнің кәсіби дайындығы, оқу мазмұнының заманауилығы, басқару тиімділігі, әлеуметтік әділеттілік – барлығы біртұтас жүйе ретінде бағаланады. Оның зерттеулері тек Қазақстанда ғана емес, халықаралық ғылыми қауымдастықта да жоғары бағаланды. А.Құсайынов – білім-ғылымның мықты менеджері ғана емес, ғылыми мектеп қалыптастырған ұстаз. Білім беру саласында ғылыми дәрежесі бар қаншама шәкірттері абыройлы еңбек етіп жүр. Қазір де жоғары оқу орындарында салыстырмалы педагогика, білім беру саясаты, білім сапасын басқару бағытында дәрістер оқып, болашақ магистрлер мен докторлардың кәсіби дамуына үлес қосуда.

Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясын басқарып тұрған уақытта тәрбие мәселесіне қатысты тың



идея көтеріп, арнайы ғылыми-зерттеу бағытында «Тәрбие мәселелері институтын» ашады да, оған еліміздегі этнопедагогика ғылымдарының әдіснамалық негізін салушы көрнекті ғалым, тәрбие жұмыстары жөнінде республикалық деңгейдегі әдіскер Клара Қожахметованы директор ретінде шақырады. Тәрбие мәселесінің жанашыры ретінде білім беру саласындағы тәрбие жұмыстары бойынша мамандарды байқау арқылы ғылыми-зерттеу жұмысына қабылдады. Солардың бірі болып мен де мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметінен ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысты өмірімнің алғашқы парағын ашқан едім.

Кейіннен Қазақ қыздар педагогикалық университетінде Жалпы педагогика кафедрасының меңгерушісі және Педагогикалық ғылымдар бойынша диссертациялық кеңестің төрағасы қызметін атқарған ақытты тағы да профессордың сынағынан сан мәрте өтуге тура келді. Университеттің таңдау компоненттеріне ұсынылған «Қазақ аруы» тұжырымдамасы мен оқу бағдарламасын дайындау барысында бірнеше рет кеңестері мен ұсыныстарын тыңдадым. Бұл да тағылымды сабақтардың бірі еді. Ал диссертация жұмысын қорғау барысындағы сан өт-

келден өтуде түрлі талдау-талқылаулар үлкен сынақ алаңы болды. Кейіннен әріптес ретінде жеке тапсырмалар беріп, пікірлерімізді ескергенде төбеміз көкке жеткендей қуанып қалатын едік. Оның ғылым мен практиканы тоғыстырып, педагогикалық ойдың тұжырымын көрсететін тереңдігін мойындап, еліктегеніміз де жасырын емес. Әлі күнге аға буын ретінде үлгі тұтамыз, сыйлап-құрметтейміз.

Ғалымның 60 жылдық мерейтойына орай өткен халықаралық ғылыми-практикалық конференция мен арнайы іс-шараның ұйымдастырушылардың бірі ретінде ғалымды әр қырынан мойындауға мүмкіндік берді. Бала-лық шағынан Асқарбек ағамыздың Қабыкендей мықты тұлғаның әкелік тағылымынан өнеге алып, білім-ғылымға құштар болуы, оның азаматтық бейнесін асқақтатып, өскен елі мен туған жерінің, мемлекетінің мүддесін ойлайтын деңгейге жеткізгенін түсіндім.

Шындығында, Асқарбек Құсайыновтың қызметі – ұлт педагогикасының заманауи дамуына сіңген өлшеусіз үлес. Ол білім сапасын көтерудің ғылыми негіздерін қалыптастырып қана қоймай, болашақ оқытушылар мен зерттеушілерге кәсіби этика мен жауапкершіліктің үлгісін көрсетті. Бүгінгі таңда Қазақстан педагогикасында оның идеялары, зерттеулері және ғылыми принциптері кеңінен қолданылады. Ғалымның компаративистикалық көзқарастары, білім сапасын бағалау тәжірибесі, педагогикалық жаңалыққа ашықтығы – болашақ ұрпақ үшін өлшеусіз құндылық.

Құрметті ғалымның бастамасымен құрылған Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясы еліміздегі педагогикалық зерттеулердің зияткерлік орталығына айналды. Ал оның өзіндік қолтасы бар ғылыми еңбектері: монографиялар мен оқулықтар, ғалым шәкірттер тәрбиелеудегі тәжірибелі зерттеулер – ғалым ұлттық ғылым тарихында айрықша орынға шығарады. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Парасат» ордені, Халықаралық деңгейдегі алып жатқан түрлі марапаттары – ұрпақ тәрбиесі жолында аянбай еңбек еткен тұлғаның ерен еңбек жолының лайықты бағасы.

Осындай тұлғаның мерейтойы қарсаңында: «Сіз – ғалымдық тереңдік пен ұстаздық парасатты, азаматтық ұстаным мен ғылыми адалдықты тоғыстырған тұлғасыз. Барша әріптестеріңіз бен шәкірттеріңіз 75 жас мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтайды. Сіздің өмір жолыңыз – отандық педагогика ғылымына қалтқысыз қызмет етудің жарқын үлгісі. Сізге зор денсаулық, шығармашылық шабыт, ғылыми ізденістеріңізге жаңа табыстар, отбасыңызға амандық пен береке тілейміз! Ұлт педагогикасына қосқан өлшеусіз еңбегіңіз әрдайым құрмет пен алғысқа бөлене берсін!» деген ақжарма тілегімізді жеткізіміз келеді.

**С.С.ҚОҢЫРБАЕВА,**  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, п.ғ.к.,  
Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының қауымдастырылған профессоры.

## КЕЗДЕСУ

# ТҮЛЕКТЕР ҰЯСЫНА ОРАЛҒАН КҮН...



**Қазақ білімнің қарашаңырағы, ғасырға жуық тарихы бар әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті дәстүрге айналған «Түлектер күнін» атап өтті. Бұл күні осынау оқу орнын бітіргендеріне 5 жылдан бастап, 60 жылға дейінгі уақыт өткен түлектер бас қосты.**

ҚазҰУ қалашығындағы мерекелік жиынға ҚР Президентінің кеңесшісі Бауыржан Омаров, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Алтынбек Нұхұлы, ҚазҰУ Директорлар кеңесінің төрағасы Қайрат Мәми, ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев қатысты.

Салтанатты шара ұлы ұстаз Әл-Фараби ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімімен басталды. Түлектер күнін оқу

ордасының ректоры Жансейіт Түймебаев құттықтау сөз бен ашты.

– Биыл наурызда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев университетімізге арнайы келіп, ғылыми қоғамдастықпен жүздесті. Президентіміз университеттің ел дамуындағы стратегиялық рөліне жоғары баға беріп, алдымызға үлкен міндеттер қойды. Ғылымды өндіріс пен экономикамен ұштастыру, жас ғалымдарды қолдау, халықаралық байланыстарды күшейту және жаңа заман талаптарына сай бәсекеге қабілетті кадр даярлау бағытында нақты тапсырмалар жүктеді. Біз осы сенімді ақтау мақсатында университетіміздің ғылыми-инновациялық қуатын одан әрі нығайтып келеміз, – деді ҚазҰУ ректоры.

Түлектер қолдауымен университет қабырғасында игі істер де жасалып келеді. Айталық, заң, география, ақпараттық технологиялар, филология және химия факультеттерінде дәрісханалар мен коворкинг алаңдары күрделі жөндеуден өтіп, Хабиболла Оспанов атындағы фойе мен Түлектер аллеясы бой көтерді. Сонымен қатар, физика-техникалық, информатика және биология факультеттерінің түлектері оқу ордасын заманауи техникалармен, LED экрандармен және жаңа кітаптармен қамтамасыз етті. Түлектер жанашырлығы тек инфрақұрылымды жаңартумен шектелмей, Шығыстану және Журналистика факультеттерінің здік студенттеріне шәкіртақы да тағайындалды.

Жиында ҚР Президентінің кеңесшісі Бауыржан Омаров пен ҚазҰУ директорлар кеңесінің төрағасы Қайрат Мәми сөз сөйлеп, университет ұжымын және барлық түлектерді айтулы мерекемен құттықтады. Концерттік бағдарлама барысында түлектер «Армандастар» әнін орындап, 2026 жылғы түлектер заманауи би қойылымын ұсынды.

Айта кетейік, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін биыл 6486 түлек бітіреді. Оның ішінде 4417 – бакалавр, 1579 – магистрант, 490 – докторант бар.

## ШАХМАТ

## SENAT OPEN – 2026:

## Алматыда әуесқой шахматшылар бақ сынады

**Қаладағы Farabi Hall орталығында SENAT OPEN – 2026 шахмат турнирінің IV кезеңі өтті. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қолдауымен ұйымдастырылып жатқан жарысқа түрлі жас санатындағы әуесқой шахматшылар қатысты.**

Турнирдің ұйымдастырушысы – Қазақстан шахмат федерациясы. Сайыстың ашылу рәсімінде Алматы қалалық мәслихатының төрағасы Мейірман Отыншиев қатысушыларға сәттілік тілеп, жарыстың маңыздылығына тоқталды.

– SENAT OPEN – жас ерекшелігіне, мамандығына қарамай, барша әуесқой шахматшыларды біріктіретін ерекше жоба. Алматы кезеңінде үздік нәтиже көрсеткен ойыншылар келесі кезеңде оңтүстік астананың намысын қорғайды. Барша қатысушыға сәттілік тілеймін, – деді ол.

Сондай-ақ, Қазақстан



шахмат федерациясының вице-президенті Бекет Жароков қатысушыларға жылы лебізін білдірді. Құрметті қонақтардың символикалық алғашқы жүрісінен кейін турнир ресми түрде басталды.

Төртінші кезеңге барлығы

160 әуесқой шахматшы қатысты. Олардың арасында бұған дейінгі іріктеу кезеңдерінің жеңімпаздары да бар. Жарыс швейцарлық жүйе бойынша рапид форматында өткізілді. Әр ойынға 10 минут уақыт берілді.

Турнир қорытындысында жекелей сында үздік атанған ойыншылар дипломдармен және медальдармен марапатталады. Сонымен қатар, он түрлі номинация бойынша арнайы жүлделер тағайындалған.

Айта кетерлігі, жарысқа мәдениет қайраткерлері, режиссерлер, депутаттар, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері және басқа да түрлі сала мамандары қатысты. Ұйымдастырушылар қатысушылар үшін барлық қажетті жағдайды жасаған.

Көктемнің шуақты күнінде өткен шахмат мерекесі Farabi Hall орталығында жиналған қауымға тартысты ойындармен қатар, көтеріңкі көңіл күй мен әсерлі демалыс сыйлады.

**Нұрлан СҮЙІН.**  
Сурет: Қ.ҚОНЫСБАЕВ.

## ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің  
2026 жылғы 1 маусымдағы  
№2/195-800 қаулысы

**Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы**

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Жол қозғалысы және жолаушылар көлігін ұйымдастыру басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 21 сәуірдегі №56.3-56.02/735-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Автобус паркі құрылысы үшін, Алматы қаласы, Түркістан ауданы, 9-шағын ауданы (әуежай) мекенжайы бойынша орналасқан 3 (үш) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты, жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 602-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.

6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Жол қозғалысы және жолаушылар көлігін ұйымдастыру басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ.

Алматы қаласы әкімдігінің  
2026 жылғы 1 маусымдағы  
№2/195-800 қаулысына қосымша

**Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі**

Р/с №	Жер учаскесі меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, атауы-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1.	«Buta Capital» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-317-011-204	9-шағын ауданы (әуежай), 48/7 учаске	2,8549
2.	«Buta Capital» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-317-011-206	9-шағын ауданы (әуежай), 48/13 учаске	3,1412
3.	«Buta Capital» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-317-011-207	9-шағын ауданы (әуежай), 48/10 учаске	2,9474

**Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық қан орталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны директоры лауазымына конкурстық іріктеу өткізу туралы ХАБАРЛАНДЫРУ**

Алматы қ. ҚДСБ-ның ШЖҚ-ы «Қалалық қан орталығы» КМК-ы байқау кеңесі директоры лауазымына іріктеу бойынша конкурс жариялайды.

**Конкурсты өткізу мерзімдері:** Басталуы 02.06.2026 ж. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалардан құжаттарды қабылдаудың соңғы мерзімі 16.02.2026 ж. (Алматы уақыты бойынша) сағ. 13.00 мин. дейін. Әңгімелесу кандидаттарды қабылдау туралы шешім қабылданған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде (әңгімелесу кестесіне сәйкес).

**Конкурстың өтетін орны:** Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Бұқар жырау гүлзары, 47 (2-қабат, кадрлар бөлімінің кабинеті).

**Кәсіпорынның атауы:** Алматы қ. ҚДСБ-ның ШЖҚ-ы «Қалалық қан орталығы» КМК-ы (бұдан әрі – Кәсіпорын).

**Кәсіпорынның орналасқан жері:** Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Бұқар жырау гүлзары, 47.

Тел.: +7 708 241 36 97, эл.пошта: gckalmaty@mail.ru

**Кәсіпорынның негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы:** халықтың денсаулығын сақтау жөніндегі мемлекеттік аумақтық бағдарламаларды орындау.

**Кәсіпорын директорының негізгі лауазымдық міндеттері:** Кәсіпорынның өндірістік, қаржылық-шаруашылық қызметіне басшылық жасайды, қабылданатын басқару шешімдеріне, ұйым мүлкінің сақталуы мен тиімді пайдаланылуына, сондай-ақ қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелеріне жауапты болады.

**Білуі керек:** ҚР Конституциясын, ҚР Азаматтық кодексін, ҚР Еңбек кодексін, ҚР «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексін, ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексін, ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңын, ҚР «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын, ҚР «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңын.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:** «Денсаулық сақтау» дайындық бағыты бойынша жоғары білім және «Қоғамдық денсаулық сақтау», «Денсаулық сақтау менеджменті» мамандығы бойынша біліктілікті арттырудан (қайта даярлаудан) өткені туралы куәлік (немесе сертификат) және (немесе) тиісті мамандық бойынша біліктілік беру туралы куәлік; немесе «Денсаулық сақтау» дайындық бағыты бойынша жоғары білім және (немесе) «Бизнес, басқару және құқық»; немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру «Денсаулық сақтау» дайындық бағыты бойынша және (немесе) «Бизнес және құқық»; немесе MBA executive немесе full time дәрежесі; денсаулық сақтау саласындағы менеджер сертификатының болуы; басшылық лауазымдардағы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.

**Медициналық қызметі (дәрігерлік практиканы) жүзеге асыру үшін – кәсіби құзыреттерінің болуы:** дәрігердің біліктілігіне (бейіні бойынша) бірінші (жоғары) біліктілік санатына қойылатын жалпы талаптарға сәйкестігі, клиникалық практикаға жіберу үшін маман сертификатты.

**Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалардан құжаттарды қабылдаудың басталу және аяқталу мерзімдері:** «Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» КММ-нің интернет-ресурстарында және ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін он бес күнтізбелік күн ішінде.

**Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адам конкурсты өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімдерде мынадай құжаттарды ұсынады:**

конкурс өткізу туралы хабарландыруда мынадай құжаттар:

1) конкурсқа қатысу туралы өтінім;  
2) еркін нысанда жазылған өмірбаян;  
3) білімі туралы құжаттардың көшірмелері;  
4) еңбек кітапшасының (егер бар болса) немесе еңбек шартының көшірмесі, қабылдау және еңбек шартын тоқтату туралы бұйрықтан үзінді көшірме не еңбек өтілін растайтын басқа құжат;  
5) «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген 075/е нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;

6) ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің соттылығы жоқ екендігі туралы анықтамасы.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалар құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін конкурс жариялаған Кәсіпорынға электронды түрде gskalmaty@mail.ru мекенжайы бойынша құжаттарды тапсырады.

Құжаттардың түпнұсқалары әңгімелесу басталар алдында бір сағаттан бұрын кешіктірмей ұсынылады. Оларды ұсынбаған жағдайда, ол адам әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Конкурсқа қатысушы оның білімі, еңбек өтілі, кәсіби даярлығы туралы қосымша ақпарат бере алады (біліктілігін арттыру туралы құжаттардың көшірмелері, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, сондай-ақ алдыңғы жұмыс орнынан ұсыныстар және т.б.).



Бас директор –  
**Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ**  
тел.: 248-64-04.

**Қабылдау бөлмесі:**  
тел.: 248-60-08.

Бас директордың орынбасары –  
**Абдухалил ЖАЛИЛОВ**

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –  
**Гүлжазира САЙДАХМЕДОВА**

Бас редактор – **Есхат БОЖАН**

Жауапты хатшы –  
**Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Ақпараттық-талдау бөлімінің редакторы –  
**Рая ЕСКЕНДІР**

Саясат және экономика бөлімінің редакторы –  
**Нұржамал ӘЛІШ**

Цифрлық инфрақұрылым және кері байланыс бөлімінің редакторы –  
**Гүлжанат СЕМБАЕВА**

Коммерциялық директор –  
**Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ**  
тел.: 248-49-55. E-mail:  
[rekalatauaqparat@gmail.com](mailto:rekalatauaqparat@gmail.com)

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:  
[rekalatauaqparat@gmail.com](mailto:rekalatauaqparat@gmail.com)  
тел.: тел.: 248-49-55. E-mail:  
8 707 948 73 78

**Шығармашылық даму жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –  
**Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ**

Кеңес мүшелері:  
**Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,**  
**Сейітқазы МАТАЕВ,**  
**Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ**

**ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...**

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:  
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70  
телефоны арқылы сағат 9.00-ден  
18.00-ге дейін хабарласыңыз

**ALMATY AQSHAMY**

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

**Меншік иесі:**  
**«Almaty Aqparat» ЖШС.**  
E-mail:  
[almatyaqparat@gmail.com](mailto:almatyaqparat@gmail.com)  
Мекенжайымыз:  
Индекс: 050022.  
Шевченко көшесі, 100.

**Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 10 252 дана (сейсенбі)**

**Кезекші редактор – Гүлжанат СЕМБАЕВА**

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № КЗ51VPY00150334 куәлігі 26.05.2026 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.**

# ӘУЕ ҚАЛҚАНЫ

## Алматы аспанын кімдер күзетіп тұр?

**Бүгінгі әлем соғыстан аулақ тұрған жоқ. Тіпті, соғыс дүмпуі бізге көршілес елдер мен аймақтардан естіліп тұр. Бейбіт өмір сүру үшін жәй ғана бейбітшілікті жақтаудың жеткілікті болмайтынын қазіргі жаһандық жағдай көрсетіп берді. Технологияның дамуымен соғыстардың да сипаты өзгеріп, әуе қорғанысы мен әуе күштерінің маңызын бұрғынғыдан да арттыра түсті.**

Алматы – келбеті келіскен, бейбіт тіршілігі қайнаған таңғажайып шаһар. Олай болса, осы аялы шаһардың аспанын, оның миллиондаған тұрғындарын, стратегиялық маңызды нысандарын, көктен төнетін түрлі қауіптерден кімдер қорғап тұр? Біздің әуе күштерінің әлеуеті қандай?

### Ұшқан құста бақылауында

Кез келген елдің қауіпсіздігін ең бірінші кезекте әуе қорғанысының қауқарына қарап бағалайды. Қауіп төнсе, ең алдымен Әуе қорғаныс күштерінің сарбаздары мен олардың сенімді техникасы көкке көтеріледі. Ал олардың аспанға көтерілуіне жағдай жасап, алып техниканы дайындап отыратын, әуе шабуылына қарсы қорғанысты ұйымдастыратын тылдағы мамандардың еңбегі ерен. Міне, біз аспан қауіпсіздігін күзететін осындай ерлердің қызметін бүкпесіз көрсету үшін Алматының аспан кеңістігін күзететін қала маңындағы №97617 әскери бөліміне барып, сала мамандарының еңбегін көзбен көрдік, жұмыс барысын бақыладық.

Күндіз-түні 20 мың метр биіктік пен 600 шақырым радиусты жіті бақылап отырған №97617 әскери бөлімі – ҚР Қарулы күштері Әуе қорғанысы күштерінің құрамындағы Әуе шабуылына қарсы қорғаныс бригадасы. Негізгі міндеті – Алматы өңірінің әуе кеңістігін бақылап, стратегиялық маңызы бар нысандар мен әкімшілік-өнеркәсіптік орталықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Қазіргі уақытта еліміздің әуе кеңістігіне ешқандай қауіп төніп тұрған жоқ, әскери бөлімдер қалыпты режимде жұмыс істеп жатыр. Күнделікті тіршілігі құжаттарды реттеп, бұйрықтарды орындаудан және әскери міндеттерді үйлестіруден тұрады. Әрине, қауіпсіздік үшін бізге әскери құпияға сәйкес, техниканың нақты қай жерде тұрғаны сияқты өзге де ақпараттар жария етілмеді.

Әскерилер тек соғыс ұшақтарын емес, біз ұшып жүрген жолаушылар ұшақтары мен тікұшақтарды да қадағалайды. Тіпті, Алматы аспанынан ұшып өткен құс та әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерилерінің бақылауынан тыс қалмайды. Азаматтық рейстердің кестесі мен бағыты әскери бөлімге алдын ала беріледі. Әрбір ұшақтың қай жерде ұшып бара жатқанын қалт жібермей бақылап отырады.

### Орталық Азияда көшбасшы

«Аспанды бақылау жұмысы бір секундқа да тоқтамайды» дейді әскери бөлімге барғанымызда бізді күтіп алған бөлімнің командирі, полковник Ахат Жүнізбеков. Полковниктің сөзінше, әуедегі жағдай қас-қағым сәтте өзгеріп кетуі мүмкін. Сондықтан кезекші топтағы мамандар тәулік бойы тапжылмай жұмыс істейді.

Қазақстанның әуе қорғанысы жүйесінің мамандары тек ел ішінде отырмайды. Халы-

қаралық деңгейдегі және ТМД елдері арасындағы ірі оқу-жаттығуларға жиі қатысады. Ондай жарыстар мен сынақтарда біздің әскерилер өздерінің өте жоғары дайындығын көрсетіп, үздіктердің қатарынан көрініп келеді.

Әлем елдерінің әскери қуатын бағалайтын ең беделді халықаралық ұйым – Global Firepower (GFP) сараптамалық орталығының ресми деректерінде ТМД-ның Орталық Азия аймағында Қазақстан әскери қуаты мен әуе күштерінің заманауи жарақандырылуы бойынша 1-орында тұр. Сарапшылардың пікірінше, Қазақстанның Өзбекстаннан (әлемде 58-бағытта қатарлас) озып, Орталық Азияда жетекші орынға шығуына дәл осы авиация саласының (су жаңа Су-30СМ жойғыш ұшақтары, заманауи әскери-көліктік ұшақтар мен тікұшақтар паркi) әлеуеті тікелей әсер еткен.



«Әуе қозғалысы басқару орталығында маңызды әрі жауапты міндетті атқаратын өз ісінің шеберлері қызмет етеді. Біздің негізгі мақсатымыз – белгіленген жауапкершілік аумағында әуе кеңістігін үздіксіз бақылау. Әлемде жүріп жатқан соғыстар әуе шабуы-

лына қарсы қорғаныс күштеріне түсетін жүктің қаншалықты ауыр екенін дәлелдеп берді», – дейді бөлім командирі Ахат Жүнізбеков.

XX ғасырдың 40-жылдарындағыдай бүгінде ешкім жаяу әскермен соғыспайды, соғыстағы басты қауіп – заманауи ұшақтар мен басқарусыз ұшу аппараттары мен дрондар. Сондықтан бұл бөлімнің басты бағдары – Алматыны әуе ұшақтарынан және қанатты зымырандардан қорғау. Ал өңірлік гарнизондар бұдан өзге де қауіптерге қарсы жұмыс істейді.

### Маңызды басқарма

Қазақстан бойынша әуе шабуылына қарсы қорғаныс бағытында 9 бірдей ірі бригада бар. Арнайы тоқталып кететін тағы бір жайт, еліміздің аспан тыныштығын күзететін біз барған құрылым елдегі ең маңызды басқарма.

«Техникалық мүмкіндіктерге келер болсақ, жоғарыда аталған роталар мен бөлімшелердің әрқайсысы өзі тұрған нүктеден бастап 600 шақырым (км) радиустағы әуе кеңістігін толық бақылай алады. Осы бөлімшелердің бақылау шекараларын қосқан кезде біздің жалпы позициялық ауданымыздың сыртқы қорғаныс шебі құрылады. Біз әуедегі нысандарды 20 000 метр (20 км) биіктікке дейін анық көріп, қадағалай аламыз», – деді полковник.

Бригададағы мамандар көкке көтерілген әр ұшақтың қай уақытта шыққанын, қай бағытта бара жатқанын біледі. Ақпараттық технологиялар мен автоматтандырылған басқару жүйесінің арқасында әуежайлардағы диспетчерлерімен де байланыс орнатылған. Егер әуеде қандай да бір апаттық жағдай болып, ұшақ бағытынан ауытқыса, әскерилер оның себебін бірден анықтап, бақылауға алады.

### Нөмірі бірінші дайындық

Бөлім командирінен басқарманың жауапкершілігіндегі кеңістікте күдікті нысан байқалса не істейтінін сұрадық.

«Әскери бөлімнің бүкіл тыныс-тіршілігін, яғни жауынгерлік есебін басқаратын ең негізгі адам – бригаданың жедел кезекшісі, ол бүкіл процестің бас үйлестірушісі. Оған ақпарат жинайтын орталықтар, экранға қарап отыратын операторлар, картамен жұмыс істейтін планшетшілер, радистер мен байланыс мамандарының бәрі тікелей бағынады. Егер Алматы аспанында ресми рұқсаты жоқ, ұшу кестесінде көрсетілмеген күдікті белгі – ұшақ, дрон немесе зымыран пайда болса,

шұғыл жоспар іске қосылады. Ең алдымен, шеткері аймақтарда орналасқан радиолокациялық станциялар көре сала, ақпаратты орталық командалық пунктке жолдайды. Жедел кезекші бұл жағдайды жоғары әскери басшылыққа секунд ішінде баяндайды», – деді командир.

Ал одан кейін барлық әскери бөлімшеге дабыл қағылып, мамандар «Нөмірі бірінші дайындық» режиміне көшеді. Яғни бұл дегеніңіз, кез келген сәтте соққы беруге әзір болу деген сөз. Осы сәтте қосымша әскери техникалар мен қорғаныс жүйелері жедел іске қосылып, әрбір маман өздеріне бекітілген орындарына барып отырады. Соңғы кезеңде жоғары қолбасшылықтан нақты пәрмен түскен сәтте, әскерилер әуедегі нысанды жою үшін әрекетке көшеді. Қысқасы, аспандағы кез келген күдікті нысан санаулы минуттың ішінде анықталып, жоғары дайындықтағы әскери сүзгіге ілінеді.

Бұған дейін әуе кеңістігінде түрлі инциденттер мен түсініксіз объектілерге қатысты жағдайлар жиі болды. Көрші мемлекеттер арасында да осыған ұқсас мәселелер көтеріліп тұрады. Алайда, бұл ақпараттар мемлекеттік құпия және қарсы барлау талаптарына сай келетіндіктен, оларды ашық айтуға заң бойынша тыйым салынған. Кез келген заңсыз жарияланым үшін ірі көлемде айыппұлдар мен қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. Тек жақын күндері әуе кеңістігімізде ешқандай қауіп тіркелмегенін біле алдық.

### Көктегі шеп берік қолда

«Қазақстанның әуе қорғанысы күштерінің жоғары деңгейде бағалаймын. Әрине, территориямыз өте үлкен болғандықтан, белгілі бір жетіспеушіліктер болып тұрады. Бірақ біз ТМД елдерінің арасында өтетін халықаралық әскери оқу-жаттығулар мен сынақтарда әрдайым алдыңғы қатардан көрініп келеміз. Соғыс тәжірибесі болмаса да, біздің әскери дайындығымыз оқу-жаттығу кезінде өзінің жоғары тиімділігін толық дәлелдеді», – деді сөзінің соңында Ахат Жүнізбеков.



Осы әскери бөлімде борышын өтеп жатқан қатардағы жауынгер Бекболат Жаңабайұлымен де аз-кем тілдескен едік.

«Түркістан қаласынан келдім. №97617 әскери бөліміне шақырылып, Отан алдындағы борышымды өтеп жатқаныма алты ай болды. Мұндағы әскери өмір маған өте ұнайды. Ешқандай қысым жоқ, ас-суымыз уақытылы, тамағымыз да жақсы. Басшылық құрам да кез келген мәселеде қолдау көрсетіп, әрқашан көмектесуге дайын тұрады. Жалпы, бұл әскери өмір бізді ең бірінші кезекте төзімділікке, темірдей тәртіпке және бауырмалдыққа үйретіп жатыр».

**Әр өңірдегі әуе шабуылына қарсы қорғаныс күштері соңғы ұлғайған заманауи техникамен толық жарақаттанған. Біз өз көзімізбен көрген әскери бөлімнің әлеуеті – осы сөзімізге толық дәлел. Кем дегенде 70 шақырым қашықтықтағы зымыранды, ұшақ пен тікұшақты қағып түсіруге қауқарлы, дыбыстан жүйрік, жойқын қару-жарақты басқарған әскерилер ел аспанын кірлік қақпай күзетіп тұр. «Отан аспаны берік қолда» деп нық сеніммен айта аламыз.**

Гүлжанат СЕМБАЕВА.